

Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру барысында шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін мемлекеттік реттеу мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 14 шілде N 606. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.07.01. N 909 қаулысымен. ~P990909

Қазақстан Республикасында Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған ұлттық бағдарламасын жүзеге асыру кезінде мемлекеттің мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Мыналар бекітілсін:
 - Акционерлік (мемлекеттік және мемлекет қатысатын N 1 қосымша) компанияларды қалыптастыру тәртібі туралы ереже;
 - "Алтын акция" туралы ереже (N 2 қосымша);
 - Мемлекеттік акционерлік компаниялардың басшылығын тағайындау және бекіту тәртібі (N 3 қосымша);
 - Жекешелендірудің үлгі жоспары (N 4 қосымша);
 - Мемлекеттік акционерлік қоғамның, компания мен акционерлік қоғамның, мемлекет қатысатын компанияның үлгі жарғысы (N 5 қосымша);
 - Мемлекеттік акционерлік қоғамның, компанияның президентімен (бірінші басшысымен) контрактың үлгі нысаны (N 6 қосымша).
2. Акционерлік компанияларды (мемлекеттік және мемлекет қатысатын) қалыптастыру тәртібі туралы ереже, қатысудың көлемі мен компанияның ұйымдық құрылымына қарамастан, мемлекеттің қатысуымен құрылатын акционерлік компаниялардың барлық түріне, оның ішінде бұрын бекітілген "Мемлекеттік холдинг компаниялары туралы ережеге" сәйкес құрылатын холдинг компанияларға аталған Ережені толықтыратын мәселелерде қолданылады деп анықталсын.
3. Осы қаулы жарыққа шыққан сәттен бастап Ереженің I-тармағында көрсетілген талаптар, сондай-ақ Жекешелендірудің үлгі жоспарының, Акционерлік қоғамның, мемлекеттік компания мен акционерлік қоғамның, мемлекет қатысатын компанияның үлгі жарғысының талаптары, сондай-ақ Мемлекеттік акционерлік қоғамның, компанияның президентімен (бірінші басшысымен) контрактың үлгі нысаны жекешелендіру жоспарын жасаудың,

құрылтай құжаттарын әзірлеудің және Қазақстан Республикасында Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған ұлттық бағдарламасына, сондай-ақ оны дамыту мақсатында қабылданған нормативті актілерге сәйкес құрылатын акционерлік қоғамдардың, компаниялардың, оның ішінде холдинг компаниялардың, мемлекеттік және мемлекет қатысатын компаниялардың басшылығын тағайындаудың барлық жағдайында қолданылатын болсын.

4. Акционерлік компанияларды, соның ішінде холдинг компанияларды, мемлекеттік компаниялар мен мемлекет қатысатын компанияларды құру кезінде Үлгі жарғы компанияның ұйымдық құрылымы, басқару деңгейлері және оған кіретін шаруашылық жүргізуші субъектілердің өзара іс-қимыл жасау тәсілдерін ескертілетін ережелермен толықтырылады деп белгіленсін.

5. Осы Қаулы қабылданғанға дейін құрылған акционерлік қоғамдарға, компанияларға, оның ішінде холдинг компанияларға, мемлекеттік компаниялар мен мемлекет қатысатын компанияларға басшылық ету мен оларды басқару осы қоғамдар мен компаниялардың құрылтай құжаттарына сәйкес қазірдің өзінде сайланып қойған басқару органдары өкілеттігінің мерзімі бойы жүзеге асырылады деп белгіленсін. Бұл мерзім өткеннен соң, аталған қоғамдар мен компанияларда мемлекеттің қатысуы сақталған жағдайда, басшылықты тағайындау тәртібі бекітілетін ережелерге сәйкестендіріледі.

6. Акционерлік қоғамдар, компаниялар, оның ішінде холдинг компаниялар, мемлекеттік және мемлекет қатысатын компаниялар акцияларының мемлекеттік пакеттеріне дивиденд бөлудің мынадай тәртібі белгіленсін:

- осы Қаулы қабылданғаннан кейін құрылатын акционерлік қоғамдарда, компанияларда, оның ішінде холдинг компанияларда акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендті немесе сол дивидендтің құрылтай құжаттарында ескертілген бөлігін меншік иесінің келісуі бойынша, осы қоғам, компания құрылған сәттен бастап алғашқы үш жыл бойы өз өндірісін инвестициялау үшін жұмсауға болады ;

- бұрын қолданылып жүрген заңдарда көзделген тәртіппен мемлекеттік кәсіпорындар, оның ішінде коммуналдық меншікке жатқызылған кәсіпорындар негізінде құрылған акционерлік қоғамдар, компаниялар акцияларының мемлекеттік пакеті бойынша дивидендті есептеу мен төлеу сол қоғамдардың, компаниялардың құрылтай құжаттарына сәйкес бұрынғы күйінде қалады. Осы құжаттарда белгіленген тәртіппен дивидендті есептеу мен төлеу тәртібін реттейтін ережелер қолданылатын мерзім өткеннен кейін, бұл мәселелер меншік иесінің келісуі бойынша шешілуге тиіс.

7. Жергілікті әкімдер:

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік

комитетіне бұрын коммуналдық меншік болған кәсіпорындар негізінде құрылған акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттері және басшылығы туралы мәліметтерді берсін;

- осы акционерлік қоғамдарды мемлекеттік және мемлекет қатысатын акционерлік компанияларға, соның ішінде холдинг компанияларға қосу қажеттігі туралы мәселелерді Меммүліккоммен және оның аумақтық органдарымен келісіп алатын болсын.

8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті. Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған ұлттық бағдарламасы шегінде кәсіпорындарды жекешелендіру жоспарларын жасаған кезде, жекешелендірілетін кәсіпорындар акцияларының мемлекеттік пакеттері мемлекеттік және

мемлекет қатысатын акционерлік компанияларға, оның ішінде холдинг компанияларына берілуін көздейтін болсын.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 14 шілдедегі
N 606 қаулысына
N 1 ҚОСЫМША

Акционерлік (мемлекеттік және мемлекет қатысатын)
компанияларды қалыптастыру тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ

Бұл ереже "Шаруашылық серіктестіктер және акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (өзгерістерімен және толықтыруларымен қоса), Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 23 сәуірдегі N 328 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік кәсіпорындарды акционерлік қоғамдар етіп қайта құру туралы ереже негізінде әзірлеген. Ол мемлекет қатысатын барлық үлгідегі

акционерлік қоғамдар мен компанияларды құру, сондай-ақ олардың қызметін реттеу мәселелерін бейнелейді және Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1138 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік холдинг компаниялар туралы ережені осы Ережеде көрініс таппаған мәселелер жөнінен толықтырады.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Мемлекеттік акционерлік компания және мемлекет қатысатын акционерлік компания (бұдан әрі - Компания) - "Шаруашылық серіктестіктер және акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес іс-әрекет жасайтын мемлекет (соның ішінде "алтын акция") қатысатын акционерлік компания.

Компаниялар Қазақстан Республикасының заң және нормативтік актілеріне, Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған ұлттық бағдарламасына сәйкес құрылады.

1.2. Акциялардың мемлекеттік пакеті 51 процент және одан да көп Компания мемлекеттік акционерлік компания болып табылады. Акциялардың мемлекеттік пакеті 51 процентке жетпейтін компания, сондай-ақ акциялардың мемлекеттік пакеті жоқ, бірақ "алтын акциясы" бар компания мемлекет қатысатын акционерлік компания деп саналады.

Жаңадан құрылатын Компаниялармен қатар, бұрын қолданылып келген заң актілеріне сәйкес құрылған және жоғарыда баяндалған анықтамаға жататын акционерлік компаниялар, соның ішінде холдинг компаниялар да сондай деп танылады.

1.3. Компаниялар ашық немесе жабық үлгіде құрылады, бұл олардың жарғыларында көрсетіледі. Ашық Компанияның акциялары басқа қатысушылардың келісімінсіз бір адамнан екіншісіне өте алады. Жабық Компанияның акциялары, егер жоғарыда өзгеше ескертілмеген болса, қатысушылардың көпшілігінің келісуімен ғана бір адамнан екіншісіне өтуі мүмкін. Мұндай жағдайда мемлекеттік компаниялар, әдетте, жабық болып табылады.

1.4. Компаниялардың жұмыс істеуінің экономикалық негізі - компанияға қатысушылар - мемлекеттік және мемлекеттік емес заңды ұйымдар мен нақты адамдар жасаған мүліктік және өзге де салымдар болып табылады.

1.5. Компанияларға олардың өз қызметінде және оған кіретін

шаруашылық жүргізуші субъектілерді басқаруда мемлекеттік саясатты

жүзеге асыру мен мемлекеттік мұқтаждарды орындау функциясы жүктеледі.

2. КОМПАНИЯЛАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ

2.1. Компаниялар қаржылық, өндірістік, құрылтайшылық, инвестициялық, инновациялық, сақтандыру, коммерциялық қызметті және Қазақстан Республикасы заңдарында тыйым салынбаған қызметтің өзге де түрлерін жүзеге асыра алады. Ұйымдық құрылымына, қатысу жүйесіне және қызметінің сипатына қарай Компаниялар мынадай түрлерге бөлінеді:

холдинг, соның ішінде көп деңгейлі;
өндірістік;
инвестициялық;
трасталық;
сақтандыру;
қаржылық;
аралас және басқалар.

2.2. Компаниялар мамандандырылған және көп салалы үлгіде құрылады.

2.3. Компанияның түріне қарай ол Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асыруы мүмкін:

Компанияның жарғылық қызметін жүзеге асыру және соның негізінде тұрақты пайданы қамтамасыз ету үшін заңды ұйымдар мен нақты адамдардың қаржы-қаражаттарын жұмылдыру және жинақтау;

өнеркәсіп, ауылшаруашылық өнімдерін және өнімнің өзге де түрлерін өндіру;

капитал нарығын зерттеп, оның жай-күйіне талдау жасау, Компанияға қатысушыларға, бағалы қағаздар нарығында өз қызметін жүзеге асыратын басқа да заңды ұйымдар мен нақты адамдарға әр түрлі қызмет көрсету;

Компаниялар меншігіне мемлекеттің қатысу сипатына қарай кәсіпорын басшыларын, компанияға қатысушыларды тағайындау;

бағалы қағаздарды жобалау, шығару, қазақстандық және шетелдік инвесторлар арасында орналастыру жөнінде эмиссиялық қызмет көрсету;

Компанияға қатысушыларға және басқа да мүдделі заңды ұйымдар мен нақты адамдарға ұйымдық, құқылық, қаржы және консультациялық қызмет көрсету;

сенімхат (трасталы операциялар) бойынша заңды ұйымдар мен нақты адамдардың портфельдегі бағалы қағаздарын басқару, әртүрлі басқару органдары мен биржалық құрылымдарда олардың мүдделерін білдіру;

Компания мен оған қатысушылар қызметіне қатысуға инвесторлар, соның ішінде шетелдік инвесторлар тарту;

Компания қаражатын басым салалық және аймақтық бағдарламалар мен жобаларға инвестициялау, соның ішінде отандық және шетелдік инвестицияларды да тарту;

озық технологиялар, бәсекеге қабілетті өнім шығару жөнінде бірлескен өндірістік құру мақсатында кәсіпорындар мен ұйымдар қызметіне өз қаражатымен қатысу;

бағалы қағаздар мен инвестициялық тәуекелдікті, кәсіпорындар мен ұйымдардың мүлкін, тасылатын жүкті сатып алу-сату жөніндегі мәмілелерді сақтандыру, жеке адамды сақтандыру, кредитті сақтандыру;

қаржы және бухгалтерлік есептердің дұрыстығын тексеру жөнінде аудиторлық және сарапшылық қызмет көрсету, кәсіпорындардың, ұйымдардың, банкілер мен басқа да компаниялардың қаржы жағдайына талдау жасау, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру жөнінде қызмет көрсету;

кәсіпорындардың өндірістік-экономикалық тиімділігін арттыру мақсатында оларды қайта құру;

компанияға кіретін акционерлік қоғамдар мен кәсіпорындар қызметінде мемлекеттік мүдделердің сақталуын бақылау;

Компанияның өзге де жарғылық функциялары.

3. КОМПАНИЯНЫ ҚҰРУ

3.1. Мемлекеттік Компаниялар Қазақстан Республикасы Президентінің шешімімен құрылады немесе оның тапсыруы бойынша оларды Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті құрады.

Мемлекет қатысатын Компаниялар Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құрылады немесе оның тапсыруы бойынша оларды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті, басқа да қазақстандық (немесе шетелдік) заңды ұйымдар (және нақты адамдар) құрады.

Компанияларды құру мүдделі министрліктермен және ведомстволармен, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетімен және Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісілуге тиіс.

3.2. Компаниялар былайша:

- бұрын бір-біріне тәуелсіз болған заңды ұйымдар мен нақты адамдарды біріктіру жолымен;

- саланы, салааралық, ішкі салалық мемлекеттік бірлестікті, концернді қайта құру арқылы (бұдан әрі - Бірлестіктер) құрылуы мүмкін.

3.3. Компания құру жөніндегі ұсыныстар Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетке беріледі және онда:

- Компания құру қажеттігінің негіздемесі;
- оның қызметінің мақсаттары мен міндеттері;
- құрылатын компанияға енгізуге ұсынылып отырған кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдардың тізбесі;
- аталған кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдар өндіретін өнімнің республикалық нарықтағы үлесі туралы мәліметтер;
- оның құрылтайшыларының құрамы;
- Компанияның Құрылтайшылары мен басқа да қатысушылары болып табылатын кәсіпорындардың Компанияның жарғылық капиталына қосатын үлесі туралы мәліметтер болуға тиіс.

3.4. Компания құру туралы шешім қабылданған жағдайда Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитет компанияның құрылтай құжаттарын әзірлейтін комиссия құрады, ол құжаттарда мыналар белгіленеді:

- оның басқару органдарының өкілеттігі, қатысушылардың өзара іс-қимыл механизмі;
- Компанияның жарғылық капиталының мөлшері, қалыптастыру және төлену тәртібі;
- жарғылық қорға мемлекет қосатын үлестің мөлшері, құрамы және оны қосу тәсілі;
- Компанияның өзіне тиесілі акциялар бойынша алатын дивидендтінен оның аппаратын ұстауға жұмсалатын аударымның шекті мөлшері;
- Компанияны құруға байланысты шығындарды қаржыландыру тәртібі;
- мемлекеттің қатысу дәрежесіне қарай министрліктер мен ведомстволардың Компанияның басқару органдарындағы өкілдігінің квотасы.

3.5. Монополияға қарсы саясат жөніндегі комитеттің келісімін алу үшін Компания Құрылтайшылары оған немесе оның аумақтық органдарына құрылтай құжаттарының жобаларын және заңдарда белгіленген тәртіп бойынша басқа да мәліметтерді табыс етеді.

3.6. Егер Компаниялардың жарғысында өзгеше ескертілмесе, олар қызмет мерзімі шектелмей құрылады.

4. КОМПАНИЯНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАРЫ, ҚАТЫСУШЫЛАРЫ, АКЦИОНЕРЛЕРІ

4.1. Компания өзі мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды ұйым құқығын алады.

4.2. Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитет немесе Мемлекеттік

мүлік жөніндегі мемлекеттік комитет заңды ұйымдармен және нақты адамдармен бірлесе отырып Компанияның құрылтайшысы бола алады.

4.3. Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитет қана Құрылтайшы болған ретте құрылтай шарты жасалмайды. Ол Компания мүлкіндегі тиесілі мемлекеттік үлес шегінде құрылтайшы болады. Қатысушылар (акционерлер) саны компанияның үлгісіне (ашық немесе жабық) қарай анықталады, ол жарғыда ескертіледі.

4.4. Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитет құратын Компаниялардың акцияларындағы мемлекеттің үлесі 51 процент және одан да көп болуға тиіс.

4.5. Компанияның құрылтай құжаттарында көзделген құқықтар мен міндеттерді өз еркімен орындауға келісім білдірген және оның жарғылық капиталына Компанияның құрылтай құжаттарында белгіленген мөлшерде және мерзімде үлес қосқан заңды ұйымдар мен нақты адамдар, соның ішінде шетелдік ұйымдар мен адамдар да Компанияға Қатысушылар деп танылады.

Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес Компания акциясын меншіктеу құқығын алған құрылтайшылар мен қатысушылар Акционерлер болып табылады.

5. КОМПАНИЯНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

5.1. Компанияның жарғылық капиталы құрылтайшылар мен қатысушылардың ынталылық жарналары есебіне құралады. Компания құрылған кезде ол кәдуілгі құны бірдей акциялардың он еселеніп ескертілген санынан тұруға тиіс.

5.2. Компанияға қатысушының үлесі үйлер, жабдықтар және Компанияның жұмыс істеуі үшін қажетті басқа да материалдық қазыналар, бағалы қағаздар, отандық және шетелдік валюта түріндегі ақша қаражаттары, Қазақстан Республикасының заң және нормативтік актілерінде көзделген өзге де төлем құралдары, мүліктік құқықтар болуы мүмкін. Мүліктің, мүліктік құқықтың және валюта салымдарының құны қолданылып жүрген заңдарға сәйкес үлеске қатысушылардың бірлескен шешімі бойынша бірыңғай валютамен бағаланады.

5.3. Бірлестікті Компания етіп қайта құрудың алдында Бірлестік мүлкінің құны жалпы бағаланады, оған:

- Бірлестік мүлкіндегі мемлекеттің үлесі;
- Бірлестікке кірген әрбір кәсіпорынның оны қайта құрған сәттегі салымы қосылады.

Бірлестік мүлкіндегі мемлекеттің салымы мыналар болып табылады:

- бірлестіктердің орталық аппаратының балансындағы мүлкі және мүліктік құқығы (соның ішінде жерді және басқа ресурстарды пайдалану құқығы);

- жекешелендіруге жатпайтын кәсіпорындар мен объектілердің мүлкі және мүліктік құқығы;

- кейіннен жекешелендірілуге тиісті кәсіпорындардың мүлкі және мүліктік құқығы;

- тұтас алғанда бірлестік балансында тұрған мүлік;

- Бірлестіктің иеленуіне, пайдалануына, басқаруына берілген мемлекеттік акциялар пакеті;

- мемлекеттік өкімет немесе басқару органдары Бірлестіктің иеленуіне (балансына) берген мүлік, жоғарыда аталғандардан басқа мүліктік құқықтары (соның ішінде жерді және басқа ресурстарды пайдалану құқығы);

- қайта құрылған немесе таратылған кезде бірлестік құқылы мұрагер тәртібімен мемлекеттік басқару органдарынан алған мүлік, соның ішінде қаржы құралдары және ұзақ мерзімді қаржы салымдары мен мүліктік құқықтары;

- Бірлестіктің жекелеген мемлекеттік басқару функцияларын атқаруына жол берілген кезеңде ол басқарған және билік еткен орталықтандырылған қорлар қаржысының қалдықтары, сондай-ақ осы қаржы есебінен жасалған мүлік.

5.4. Бірлестік балансына енгізілген Бірлестік мүлкіндегі кәсіпорынның салымы мыналар болып танылады:

- кәсіпорын Бірлестік қарамағына (балансына) берген, сондай-ақ Бірлестіктің жарғылық қорына немесе өзге де қорларына кәсіпорын қосқан мүлік немесе мүліктік құқықтары;

- кәсіпорындардың Бірлестікке қатысқан бүкіл уақытында жинақталған кәсіпорын жарналарының (мүшелік, үлестік, нысаналы) барлық түрлерінің сомасы.

Бірлестікке кірген кәсіпорындар салымының мөлшерін бағалаған кезде салым құнын барлық кәсіпорындармен және Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетпен келісілген схема бойынша олардың енгізілген мерзіміне қарай индекстеуге жол беріледі.

Аталған салым мөлшерін бағалау Бірлестікке қарамастан кәсіпорынды акционерлендіру мен жекешелендіру кезінде де жүргізіледі.

5.5. Мемлекеттің мүлкін, салымы мөлшерін бағалау актісінде белгіленген, Бірлестік мүлкінің жалпы құнынан және Бірлестікке кірген барлық кәсіпорындардың салымын шығарып тастау жолымен анықталған сома Бірлестікке кірген кәсіпорындар арасында осы Ереженің 5.3.-5.4.-тармақтарына сәйкес бөлінуге тиіс. Бұл сома Бірлестікке кірген кәсіпорындар арасында олардың Бірлестік мүлкіне қосқан, 5.4-тармаққа сәйкес есептеп шығарылған салымының мөлшеріне пропорциялы түрде бөлінеді.

5.6. Бірлестік орталықтандырылған жекелеген кәсіпорындардың нысаналы жарналары есебінен жасаған мүлік олардың арасында Бірлестіктің Құрылтай құжаттарында көзделген және Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетпен келісілген тәртіп бойынша бөлінеді. Мұндай тәртіп белгіленбеген ретте аталған мүліктің құны Бірлестікке кірген кәсіпорындар арасында 5.5.- тармаққа сәйкес бөлінетін сомаға кіреді.

5.7. Алынған көздеріне қарамастан, Бірлестік қаражаты есебінен қаржыландыру нәтижесінде мемлекеттік кәсіпорында жасалған мүлік мемлекеттік мүлік деп танылып, аталған мемлекеттік кәсіпорынды бағалаған кезде соның мүлкінің құрамына енгізіледі.

5.8. Бірлестік құрған кәсіпорындардың мүлкі, сондай-ақ басқа ұйымдық-құқық нысандар кәсіпорындарының (соның ішінде бірлескен кәсіпорындардың) жарғылық капиталдарына (қорларына) Бірлестік қосқан мүлік Бірлестікке кірген кәсіпорындар арасында олардың Бірлестік мүлкіне қосқан үлесіне пропорциялы түрде бөлінеді.

5.9. Бірлестікке кірген кәсіпорын салымының жалпы мөлшері осы ереженің 5.4-5.8.-тармақтарына сәйкес есептеп шығарылған мөлшердің сомасы ретінде анықталады.

5.10. Бірлестікке кірген кәсіпорындар Бірлестік мүлкін бағалау актісіне, салым мөлшерін келісу хаттамасына қол қояды. Аталған хаттаманы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитет бекітеді.

ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛДЫ АНЫҚТАУ

5.11. Компанияның жарғылық қорына мемлекеттің, жергілікті өкімет органдарының, қоғамдық, қайырымдылық қорлар мен ұйымдардың қосқан үлесін анықтаған кезде аталған субъектілердің Бірлестікке кірген кәсіпорындар мүлкіндегі үлесі немесе Компанияға біріккен, бұрын осы Бірлестікке енбеген кәсіпорындар мүлкіндегі әлгіндегідей үлесі ескеріледі.

Егер бұл кәсіпорындар серіктестіктер немесе акционерлік қоғамдар болса, олардың жарғылық капиталына жоғарыда аталған субъектілердің қосқан үлесі ескеріледі.

Егер Компанияға жекешелендіруге жатпайтын кәсіпорын енгізілсе, Компанияның жарғылық қорына меншік иесінің келісуімен сол кәсіпорын қосатын мүліктің бір бөлігіне немесе ақша қаражатына Компанияның құқығы және осы мүлік пен қаражатты Компанияның жарғылық қорына енгізу тәртібі ескертіледі.

Жекешелендіруге жатпайтын объектілер мүлкін иелену, пайдалану және басқару құқықтарын Компанияға берген кезде бұл мүлікті Компанияның

жарғылық қорына енгізу (немесе енгізбей) және Компанияның сол мүлік жөніндегі міндеттемелері жеке ескертіледі.

Жекешелендіруге жататын кәсіпорындар Компанияға енгізілген кезде, кейіннен Компанияның жарғылық қорына жарғы түрінде Компанияға бекітіліп қалдырылатын мүліктің үлесі ескертіледі.

Меншік иесі акциялардың мемлекеттік пакетін Компанияның жарғылық қорына берген жағдайда бұл пакеттің купондық аукциондарда сатылуы мүмкін бөлігі көрсетіледі, мемлекеттік пакеттің бұл бөлігі Компанияның жарғылық қорына енгізілмейді. Мемлекеттік пакеттің бұл бөлігі мен оның дивиденді жөніндегі құқықты пайдалану арнайы ескертіледі.

5.12. Компанияның Құрылтайшылары, соның ішінде Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитет тарапынан Компанияның жарғылық капиталына (соның ішінде Бірлестікті Компания етіп қайта құрған кездегі де) салымдар:

- ашық (жабық) үлгідегі акционерлік қоғам етіп қайта құрған кездегі мүліктік (және мүліктік құқықтар);

- мемлекеттік кәсіпорындар негізінде құрылатын акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеті;

- басқа ұйымдық-құқықтық нысандар етіп қайта құрылған жағдайда мүлікті иелену құқықтары мен пайдалану құқықтары түрінде жүзеге асырылады.

Мұндай жағдайда салым мөлшері мүліктік жалдауға (пайдалануға) берілген мүлікті мүліктік жалдау құқығы үшін төленетін ақының (пайдалану ақысының) капиталдандырылған (кемінде 10 жыл кезең ішінде) мөлшерімен анықталады.

Бірлестік толық серіктестік етіп қайта құрылған ретте жоғарыда аталған мүлік серіктестіктің жекелеген мүшелеріне шарт негізінде пайдалануға беріледі.

Бірлестік коммандиттік серіктестік етіп қайта құрылған жағдайда Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитет оған жауапкершілігі шектеулі қатысушы ретінде ғана кіреді.

5.13. Мемлекеттік кәсіпорындар жасайтын салымды жүзеге асыру тәртібі:

- ақшалай (соның ішінде валюта) нысандағы салымдар Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетке хабарлана отырып жасалады;

- мүлік салымдары мен мүліктік құқықтары Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеттің келісуімен жүзеге асырылады.

Компанияның Құрылтайшысы ретінде Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитет салымды келісу хаттамасымен белгіленген мемлекет салымымен салыстырғанда Компанияның жарғылық капиталына кәсіпорын жасайтын салым мөлшерін, сондай-ақ осы салымды құрайтын мүлік құрамын өзгертуге құқылы.

Кәсіпорындардың салымын келісу хаттамасында белгіленген мөлшерден арттыруға болмайды. Бұл салым мөлшері кемітілген жағдайда тиісті сома

кәсіпорынға 3 ай мерзімі ішінде төленеді.

5.14. Акциялардың мемлекеттік пакетін белгіленген тәртіп бойынша Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті береді.

5.15. Бірлестікке кірмеген нақты адамдар мен заңды ұйымдардың салымы жоғарыда белгіленген тәртіп бойынша арнайы ескертіледі.

5.16. Банкілердің жарғылық капиталына Компанияның қатысуы және Компанияның жарғылық капиталына банкілердің қатысуы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

5.17. Егер Бірлестік компания етіп қайта құрылатын болса, ол таратылып, тарату комиссиясы құрылады, оның құрамына Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеттің өкілдері енеді. Бірлестіктің таратылу балансы Бірлестікке кіретін кәсіпорындардың жалпы жиналысына және Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетке табыс етіледі.

Бірлестік барлық талаптарды қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкі Бірлестікке кірген кәсіпорындар арасында олардың салым мөлшерін келісу хаттамасымен белгіленген мөлшерде жасаған салым мөлшеріне сәйкес бөлінеді.

5.18. Егер Бірлестікке енген кәсіпорындардың бірі Компанияға кірмесе, оның Бірлестікке қосқан салымының 5.9-тармаққа сәйкес белгіленген жалпы мөлшері Компанияның жарғылық капиталына енгізілмейді және қайтарылуға тиіс.

5.19. Бірлестік Компания етіп қайта құрылған кезде таратылған жағдайда, сондай-ақ кәсіпорындардың біреуі Бірлестіктен шығатын реттеу кәсіпорынның зат түрінде жасаған салымы құрылтай құжаттарында белгіленген тәртіп пен шарттар негізінде оның өзіне қайтарылады.

5.20. Қатысушылардың басқармаға кемінде үш ай бұрын алдын ала хабарлай отырып, Компания құрамынан шығуға құқығы бар. Шығу туралы түпкілікті шешімді Компанияның жоғары тұрған басқару органы қабылдайды. Мемлекеттік кәсіпорындардың Компаниядан шығуы туралы шешім тиісті салалық министрліктің келісуі бойынша заңда белгіленген тәртіппен қабылданады.

5.21. Қатысушының Компания құрамынан шығуы туралы шешім қабылданғаннан кейін, оның шығу кезінде анықталатын Компанияның жарғылық капиталындағы үлесі ақшалай немесе өзге нысанда қайтарылады.

6. КОМПАНИЯНЫҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

6.1. Компанияның басқару органдары мыналар:

- қатысушылардың (акционерлердің) жалпы жиналысы;
- Бақылау Кеңесі;
- Басқарма.

Компанияның бақылау органы - Тексеру комиссиясы.

6.2. Компанияның басқару органдарының құзыры мен функциялары " Шаруашылық серіктестіктері және акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, нормативтік актілерге сәйкес және Жарғымен белгіленеді.

6.3. Бақылау Кеңесінің құрамына: Компанияның Президенті, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, салалық министрліктерінің өкілдері, Компания акционерлерінің өкілдері енеді; жалпы жиналыстың шешімі бойынша ғылыми мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың жетекші мамандары, өкілдері енуі мүмкін.

Компанияның Бақылау кеңесіндегі мемлекеттік басқару органдарының өкілдігі тиісті нормативтік құжаттармен анықталады.

6.4. Бақылау кеңесінің төрағасы және төрағасының орынбасары меншік иесінің келісуімен оның мүшелерінен үш жыл мерзімге сайланады және белгіленген тәртіп бойынша бекітіледі. Бақылау кеңесінің мүшелері оның құрамында бес жылдан асырмай жұмыс істейді, бірақ қатысушылардың жалпы келісуімен оның құрамына қайтадан тағайындалуы немесе өкілеттік мерзімі біткенге дейін басқа өкілдермен ауыстырылуы мүмкін.

6.5. Бақылау кеңесі функциясының, құқықтарының, міндеттерінің толық тізбесі мен жұмыс регламенті заңдармен белгіленеді, сол Компанияның Жарғысында немесе Бақылау Кеңесі туралы арнаулы ережеде ескертіліп, жалпы жиналыста бекітілуге тиіс.

6.6. Басқарма атқарушы орган болып табылады, өзіне жарғыда берілген өкілеттік шегінде оның әкімшілік-шаруашылық және коммерциялық қызметіне жедеғабыл басшылықты жүзеге асырады.

6.7. Басқарманы Компания Президенті басқарады, оны қолданылып жүрген заңдар мен нормативтік актілерге сәйкес құрылтайшылар тағайындайды. Бақылау Кеңесінде дауыс тең болған жағдайда Компания Президентінің даусы шешуші болып табылады.

6.8. Басқарма мүшелерін Президенттің ұсынуы бойынша Бақылау Кеңесі бекітеді.

6.9. Президенттің ұсынуы бойынша Бақылау Кеңесі Компания басқармасы туралы ережені бекітеді, онда Компания қызметінің, жалпы жиналыс пен Бақылау Кеңесінің құзырына енгізілгеннен басқа мәселелерінің бәрі ескертіледі.

7. КОМПАНИЯНЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

7.1. Компанияның бағалы қағаздары акциялар мен облигациялар болып табылады.

Компанияның бағалы қағаздары "Бағалы қағаздар айналысы және қор биржасы туралы", "Шаруашылық серіктестіктері және акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңдарына және осы Ережеге сәйкес шығарылып, айналысқа түсіріледі.

7.2. Акция - Компания шығаратын және жарғылық капиталдағы үлесті меншіктену құқығын куәландыратын, дивиденд түрінде пайданың бір бөлігін басқару мен алуға қатысу құқығын беретін бағалы қағаз.

Компания акцияны жарғылық капиталдың бүкіл сомасына, қатысушылардың келісуімен ескертілген номиналдық құнына шығарады. Компанияның акциялары қолданылып жүрген заңдар мен нормативтік актілерге сәйкес меншік иесімен келісілген тәртіп бойынша сатылады.

7.3. Компания акция сертификатын - онда аталған адамдардың Компания акцияларының белгілі бір мөлшерін иеленуіне айғақ болып табылатын құжат шығаруға құқылы.

7.4. Компания кемінде бір жыл мерзімге облигациялық заемдар шығару жолымен қарыз капиталын қалыптастыруға құқылы. Компания облигацияларының эмиссиясы, тіркелуі мен айналысы Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес тіркеледі.

7.5. Компания акциялары меншік иесінің келісуі бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бөлінеді.

8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

8.1. Компаниялар өздерінің баланстарын, пайдалары мен залалдарының есепшоттарын, сондай-ақ басқа мекемелердің өздеріне тиесілі акциялары (капиталға қатысу үлестері) туралы толық мәліметтерді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті белгілейтін нысанда тоқсан сайын жариялап отыруға міндетті.

8.2. Компанияның кез келген кәсіпорын (соның ішінде еншілес кәсіпорын) акцияларының 10 процентінен астамын сатып алуы-сатуы туралы мәліметтер мәміле жасалған кезден бастап бір апта мерзімде жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 14 шілдедегі
N 606 қаулысына

№ 2 ҚОСЫМША

"Алтын акция туралы" ЕРЕЖЕ

1. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1.1. Осы ереже "Меншік туралы", "Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру", "Шаруашылық серіктестіктері мен акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңдары негізінде әзірленді және "Алтын акцияның" құқығы мен қолданылу тәртібін айқындайды.

1.2. "Алтын акция" - акционерлік қоғамды басқарудағы мемлекеттің ерекше құқығын куәландыратын құжат.

1.3. "Алтын акция" бөлінбейді және белгіленген көрсетулі құны жоқ.

1.4. "Алтын акцияны" кепілге немесе трастқа беруге, сондай-ақ оны өзге де тәсілмен иеліктен айыруға жол берілмейді.

1.5. "Алтын акция" мынадай деректемелерден тұрады: құжаттың атауы - "Алтын акция"; Қоғамның фирмалық атауы және оның орналасқан жері; акциялар шығарылымының рет нөмірі мен күні, акциялар шығарылған күнгі Жарғының қорының мөлшері және акционерлік қоғам шығарған акциялардың саны; Ұстаушы-органның атауы мен заңды мекен-жайы; уәкілетті адамдардың қойған қолдарының таңбасы.

1.6. "Алтын акция" оның иесіне акционерлер жиналысы немесе Бақылау кеңесі Ережеде көзделген мәселелер бойынша шешімдер қабылдаған кезде тыйым салу құқығын беретін болып белгіленсін.

1.7. Акционерлік компаниялардың, соның ішінде холдингілік, мемлекеттік компаниялардың Бақылау кеңестері мен жалпы жиналыстарында және мемлекеттің қатысуымен мемлекеттің мүдделерін білдіру ("Алтын акцияның" атынан дауыс беру) жөнінде контракт негізінде тапсырманы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті немесе оның тапсыруы бойынша Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті белгілі бір адамдарға береді. Ол адам Ережеде белгіленген мәселелер бойынша шешімдер қабылдағаны үшін өзімен контракт жасасқан органның алдында жауап береді.

Бұл құқықты меншік иесі ұлттық, мемлекеттік акционерлік, оның ішінде

холдинг компанияларға белгіленген тәртіппен беруі мүмкін. Бұл жағдайда контрактты компания жасайды.

2. "АЛТЫН АКЦИЯНЫ" ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

2.1. "Алтын акция" енгізу туралы шешімді Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті немесе оның тапсыруымен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті (бұдан әрі - Комитет) қабылдайды.

2.2. Егер акционерлік қоғамдар құрылған кезде, не мемлекеттік пакет болған кезде мемлекеттік пакет көзделмесе, акциялардың мемлекеттік пакеті орнына "Алтын акция" енгізіледі.

2.3. Акционерлік қоғамға "Алтын акция" енгізілген кезде акциялардың мемлекеттік пакеті Комитеттің шешімі бойынша өткізілуі мүмкін.

2.4. Акциялардың мемлекеттік пакетін өткізуден түскен қаражат "Мемлекет иелігінен алу мен мемлекет мүлкін жекешелендіруден түскен қаражат" деп аталатын Республикалық арнайы шотқа аударылады және заңдарда белгіленген тәртіпке сәйкес жұмсалады.

2.5. Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды қайта құру жолымен бұрын құрылған акционерлік қоғамдарда "Алтын акция" акциялардың мемлекеттік пакеті жоқ болғанда Комитеттің шешімімен акционерлік қоғамды, компанияны басқару органдарымен келісу бойынша осы Ереженің 3.1-тармағында келтірілген мәселелерді шешу қажет болғанда енгізілуі мүмкін.

3. "АЛТЫН АКЦИЯНЫ" ҚОЛДАНУ ТӘРТІБІ

3.1. "Алтын акция" Комитетке немесе Ұстаушы-органға акционерлік қоғамды басқару органдары мына мәселелер бойынша:

- мемлекеттік тапсырысты басым орындау мүмкіндігін шектейтін жұмыс бейімін өзгерту немесе оны орындаудан бас тарту;
- акционерлік қоғамның экологиялық жағынан зиянды өндірістерге қатысуы;
- қоғамды қайта құру және тарату;
- жарғылық капиталдың 30 процентінен асып түсетін мөлшердегі қоғамның мүлкі мен бағалы қағаздарын мүлдіктік жалға беру, сату және өзге де тәсілдермен иеліктен шығару;
- мемлекеттік кәсіпорындарды қайта құру жолымен құрылған акционерлік қоғамның бөлімшелерін сату;
- дауыс беру құқығы бар акциялардың 20 және одан да көп процентін бір адамның иелену мүмкіндігі, егер де бұл тармақ жарғыда ерекше ескертілмеген

болса;

- компания акцияларының 20 проценттен астамын барлық шетелдік инвесторлардың иелену мүмкіндігі, егер де бұл тармақ жарғыда ерекше ескертілмеген болса;

- үкімет тағайындаған акционерлік қоғамдардың, компаниялардың бірінші басшыларын (президенттерін) орнынан алу;

- акционерлік қоғамның Жарғысына жоғарыда аталған мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі мәселелер бойынша шешімдер қабылданған кезде "тыйым" салу құқығын береді.

3.2. Комитет немесе "алтын акцияны" Ұстаушы-орган Комитетпен және акционерлік қоғамды басқару органдарымен келісу бойынша жоғарыда аталған мәселелердің шеңберін кеңейтуге немесе тарылтуға құқылы, бұлар бойынша "алтын акция" оны енгізу кезінде "тыйым" салу құқығына ие болады. "Шаруашылық серіктестіктері мен акционерлік қоғамдар туралы" Заңда айтылған ережелер ерекшелікке жатқызылмайды. Жоғарыда аталған өзгерістер мен толықтырулардың бәрі қоғамның құрылтайлық құжаттарында айтылады.

3.3. 3.1 тармақта келтірілген мәселелер акционерлік қоғамдар Жарғыларында көзделген тәртіппен қаралады.

Олар бойынша акционерлік қоғамды басқару органдары "алтын акцияның" иесі немесе оның өкілі жоқ кезде қабылдаған шешімдердің күші жоқ деп танылады. Бұл реттеу "алтын акцияның" иесі акционерлік қоғамның басшысына сенімсіздік жариялау туралы мәселені акционерлік қоғамды басқару органдарының дауысқа салуына қоюына құқылы.

3.4. "Алтын акция" иесінің "Тыйым салу" құқығын қолдануы тиісті шешімнің күшін 6 айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға және оны Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тиісті органның (соның ішінде мемлекеттік басқару органының немесе соттың) қарауына беруге әкеп соғады.

3.5. "Алтын акция" белгіленген мерзімге құрылтай құжаттарымен енгізіледі. "Алтын акцияны" енгізу мерзімдері туралы шешімді Комитет тиісті мемлекеттік басқару органдарымен келісу бойынша қабылдайды.

3.6. "Алтын акцияның" қатысуы, оның қолданылу тәртібі мен шарттары қоғамның Жарғысында көрсетілуге тиіс.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 14 шілдедегі
N 606 қаулысына
N 3 ҚОСЫМША

Мемлекеттік акционерлік компаниялардың
басшылығын тағайындау мен бекіту
ТӘРТІБІ

Осы тәртіп мемлекеттің үлесі бар мемлекеттік кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдар негізінде құрылатын акционерлік компаниялардың, оның ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік холдинг компаниялары туралы" 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1138 қаулысына сәйкес құрылатын холдинг компанияларының басшылығын мемлекеттің тағайындауын реттейді.

1. Мемлекеттік акционерлік, оның ішінде холдинг компаниялардың, сондай-ақ мемлекет қатысатын акционерлік компаниялардың, оның ішінде холдинг компаниялардың (бұдан былай - Компания) Бақылау Кеңестерінің құрамы мемлекет тағайындайтын мүшелерден және мемлекеттік емес заңды ұйымдардың, сондай-ақ жеке адамдардың атынан акционерлердің жалпы жиналысы қолданылып жүрген заңдарға сәйкес сайлайтын мүшелерден тұрады.

Компания Бақылау Кеңесіне өзінің қалауы бойынша кеңесші дауыспен сарапшылар шақыра алады.

Мемлекеттік органдар мемлекеттік акция пакетінің атынан дауыс беретін адамдардың тағайындалуын бекітеді.

Мемлекеттік акционерлік компаниялар, оның ішінде холдинг компаниялар Бақылау Кеңесінің құрамын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті немесе оның тапсыруы бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті бекітеді.

Бақылау Кеңесінің құрамын Министрлер Кабинеті бекітетін жағдайда олардың мүшелерін тағайындау және босату туралы ұсынысты Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мүдделі министрліктер мен ведомстволардың келісуі бойынша енгізеді.

Егер Министрлер Кабинеті Бақылау Кеңесін қалыптастыруды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне

тапсырған болса, онда оның құрамы туралы ұсынысты салалық министрлік немесе ведомство енгізеді.

Мемлекеттік акциялар пакеті 50 проценттен аз, бірақ 25 проценттен көп болатын, мемлекет қатысатын акционерлік компаниялардың, оның ішінде холдинг компаниялардың Бақылау Кеңестерінің мүшелерін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мүдделі министрліктердің, ведомстволардың келісуі бойынша бекітеді. Бақылау Кеңесінің құрамы туралы ұсынысты Компания енгізеді.

Егер акционерлік компаниядағы мемлекеттік акциялар пакеті 25 проценттен аз болған жағдайда Бақылау Кеңесінің құрамы қолданылып жүрген заңдарға және Компанияның жарғысына сәйкес сайланады. Мемлекет атынан дауыс беретін Бақылау Кеңесінің мүшесін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті тағайындайды.

2. Министрліктер мен ведомстволардың салааралық Компанияларының Бақылау Кеңестері өкілдігінің квотасы мемлекеттік акциялар пакетін меншіктенуші атынан дауыс беру кезінде былайшы анықталады;

дауыстың 30 проценті кәсіпорны осы компанияның базасы болып табылатын салалық министрлік өкіліне;

дауыстың 30 проценті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің өкіліне;

10 проценті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің өкіліне;

10 проценті өзге мемлекеттік басқару органдарының өкіліне;

10 проценті қызмет көрсететін банктің өкіліне;

10 проценті Компанияның президентіне тиесілі болады.

Неңдей бір салалық министрлік өкілдігінің квотасы Компаниялардың әрқайсысының кәсіпорындарының өндірістік бағытына сәйкес анықталады.

3. Министрліктер мен ведомстволардың салалық Компаниялардың Бақылау Кеңестеріндегі өкілдік квотасы былайша белгіленеді.

35 проценті - салалық министрлік өкіліне;

35 проценті - Меммүліккомның өкіліне;

10 проценті - Қаржы министрлігінің өкіліне;

10 проценті - қызмет көрсететін банк өкіліне;

10 проценті - Компанияның президентіне тиесілі болады.

Аймақтық деңгейде құрылатын Компанияларды мемлекеттік мүлік жөніндегі аумақтық комитеттің өкілі Меммүлікком мен салалық министрліктің дауысын біріктіріп, жергілікті әкімнің мүддесін білдіреді. Тиісінше қаржы және банк органдары облыстық бөлімшелері қызметкерлері де осылайша өкіл болады.

4. Компаниялардың президентін тағайындау және бекіту тәртібі:

- басқаруға қатысатын Компаниялар акцияларының 100 проценті мемлекеттің

меншігінде болатын жағдайда салалық Компанияның президентін тағайындау (босату) туралы ұсынысты тиісті салалық министрлік Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің келісуі бойынша салааралық Компанияға - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мүдделі мемлекеттік басқару органдарының келісуі бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізеді.

Тағайындау (босату) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті шешімімен жүргізіледі:

- басқаруға қатысатын Компаниялар акцияларының мемлекеттік үлесі 100 проценттен аз, бірақ 50 проценттен көп болған жағдайда Компанияның президентін тағайындау (босату) туралы ұсынысты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті салалық министрліктің келісуі бойынша салалық Компанияға, немесе басқа мүдделі мемлекеттік басқару органдары салааралық комитетке, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізеді.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімі негізінде Компанияның президентін тағайындау (босату) Компанияның жарғысына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысында түпкілікті ресімделеді.

Аймақтық деңгейде құрылатын мемлекеттік Компаниялардың президентін тағайындауды (босатуды) салалық министрліктер облыс, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдерімен келіседі:

- егер мемлекет қатысатын Компаниялар акцияларының мемлекет үлесі 50 проценттен аз, бірақ 25 проценттен көп болған жағдайда президенттерді Компания акционерлерінің шешімі негізінде Министрлер Кабинеті бекітеді (босатады).

Компанияның мемлекеттік басқару органдары ұсынатын президенті қызметіне кандидатураны мүдделі министрліктер мен ведомстволар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің келісуі бойынша Министрлер Кабинетіне енгізеді:

- Компаниялар акцияларының мемлекеттік үлесі 25 проценттен аз болған жағдайда компанияның президенті оның жарғысына сәйкес сайланады.

5. Компаниялардың президентімен (бірінші басшыларымен) контракт жасасуды меншік иесінің тапсыруы бойынша Компанияның Бақылау Кеңесінің төрағасы жүргізеді.

6. Акциялардың мемлекеттік пакетін "Алтын акция" алмастыратын жағдайда мемлекет атынан дауыс беруді Меммүліккомның өкілі немесе бұған уәкілдік берілген адам жүзеге асырады.

Бұрын қолданылып келген мемлекеттік акциялар пакетінің орнына "Алтын

акция" енгізілетін акционерлік компанияның басшылығы компанияның жарғысына сәйкес, бұрынғы басшылықтың өкілеттік мерзімі өткеннен кейін, мемлекет атынан дауыс беруде уәкілдік алған адамның міндетті түрде қатысуымен тағайындалады.

7. Компанияның Бақылау Кеңесіндегі өкілдік мемлекеттік басқару органдарының мемлекеттік акциялар пакетінен дивиденд алуға үміткер болу құқығын бермейді.

Компанияның мемлекеттік акциялар пакетінің дивиденді үш жылға дейінгі мерзімге нысаналы мақсатпен өндіріске инвестициялау үшін Компанияның билік етуіне берілуі мүмкін. Компанияның қала құрау маңызы болған жағдайда, Компанияның мемлекеттік акция пакеті әлеуметтік-экономикалық салаға инвестициялау үшін берілуі мүмкін. Бұл мәселелер жөніндегі шешімді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті қабылдайды.

8. Компанияның Бақылау Кеңесіне мемлекет атынан кіретін оның мүшелері қолданылып жүрген заңдарға сәйкес шешім қабылдануы үшін дербес жауап береді.

9. Компанияның Бақылау Кеңестері мүшелерінің жұмысына ақы төлеу Бақылау Кеңесінің әрбір мәжілісіне қатысқаны үшін бір жолғы төлем ретінде Компания президентінің лауазымдық жалақысының 10 проценті мөлшерінде Компанияның есебінен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 14 шілдедегі
N 606 қаулысына
N 4 ҚОСЫМША

ЖОБА

ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУДІҢ ҮЛГІ ЖОСПАРЫ

Бірінші бөлім

(жекешелендіру жөніндегі жұмыс комиссиясы немесе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті құрған жекешелендіру жөніндегі комиссия толтырады)

I. ОБЪЕКТ РЕКВИЗИТТЕРІ
(ҚАЙТА ҚҰРЫЛҒАНҒА ДЕЙІН)

1. Толық және қысқартылған атауы: _____

2. Заңды мекен-жайы (бөлімше орналасқан жері): _____

3. Объектіні мемлекеттік тіркеу нөмірі мен күні: _____

(заңды ұйым болып табылмайтын бөлімшелер толтырмайды)

4. Меншік: _____

(Қазақстан Республикасының мемлекеттік меншігі)

5. Ұйымдық-құқықтық нысан: _____

6. Құрамына кәсіпорны кіретін бірлестіктің (ассоциацияның, концерннің, корпорацияның және т.т.) толық атауы мен заңды мекен-жайы _

(бөлімше үшін сондай-ақ ол өз құрамына кіретін кәсіпорынның атауы мен мекен-жайын көрсету керек):

7. Кәсіпорынның (бөлімшенің) есер айырысатын (ағымдағы) және басқа шоттарының нөмірі _____

банктердің қызмет көрсететін мекемелерінің атауы мен реквизиттері: _____

8. Мемлекет кәсіпорын құрған кәсіпорындардың (еншілес, шағын кәсіпорындар) атауы мен мекен-жайы _____

1. _____
(кәсіпорынның толық атауы мен заңды статусы)

а) заңды мекен жайы _____

ә) жарғылық капиталдың көлемі _____ мың сом;

б) кәсіпорынның жарғылық капиталдағы үлесі _____ %;

2. _____
(кәсіпорынның толық атауы мен заңды статусы)

а) заңды мекен жайы _____

ә) жарғылық капиталдың көлемі _____ мың сом;

б) кәсіпорынның жарғылық капиталдағы үлесі _____ %;

9. Бөлімшелердің атауы мен мекен-жайы: _____

II. ОБЪЕКТИНІҢ НЕГІЗГІ СИПАТТАМАЛАРЫ

| 9 __ ж. 01.01. | 9 __ ж.01. __

1. Жұмыс істейтіндердің орташа саны,

адам - -

2. Негізгі қорлардың баланстық құны,

мың сом - -

3. Баланстық пайда, мың сом X -
4. Салықтар мен басқа да міндетті
төлемдер төленгеннен кейін қалатын
нақты пайда, мың сом X -
5. Жарғылық капиталдың көлемі, мың сом - -
6. Еңбек ұжымының үлесі (қайтарусыз
берілгені) - -

7. Жеке адамдар мен заңды ұйымдарға жалға (пайдалануға), сондай-ақ бірлескен қызметті жүзеге асыруға берілген объектілердің (мүліктің) құрамы мен құны _____
_____ мың сом

8. Жекешелендіруге жатпайтын объектілердің ірілендірілген тізбесі мен құны:

1. _____
2. _____
3. _____

Барлығы: _____ мың сом.

9. Жекешелендірілуге жатпайтын әлеуметтік-мәдени және

әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы (оның ішінде дербес балансы бар) объектілер мен басқа да объектілерді акционерлік қоғамның пайдалануы жөніндегі ұсыныстар:

10. Кәсіпорын төмендегідей нысан бойынша үлесті түрде қатысатын (акционерлік қоғамдардың акциялары, серіктестіктердегі, бірлескен кәсіпорындардағы үлестер, пайлар және т.т.) Қазақстан Республикасындағы және шет елдердегі объектілердің (кәсіпорындардың, банктердің, фирмалардың, ұйымдардың және басқа заңды ұйымдардың) тізбесі:

1. _____
(объектінің толық атауы мен заңды статусы)

а) объектінің заңды мекен-жайы _____

ә) объектінің жарғылық капиталының көлемі _____ мың сом

б) объектінің жарғылық қорындағы кәсіпорынның үлесі _____ %

2. _____

(объектінің толық атауы мен заңды статусы)

а) объектінің заңды мекен-жайы _____

ә) объектінің жарғылық капиталының көлемі _____ мың сом

б) объектінің жарғылық қорындағы кәсіпорынның үлесі _____ %

Объектілер туралы қосымша хабарды жеке беруге болады.

11. Кәсіпорын, бөлімшелер қызметінің негізгі түрлері:

12. Өндірілетін өнімнің, жұмыстар мен қызметтің негізгі түрлері: _

13. Объектілердің тізбесі және құрылысы аяқталмаған объектілердің

199 __ жылғы 1 _____ балансы бойынша құны, _____
_____ мың сом.

Рет N	Объектінің атауы	Смета бойынша жұмыс	Нақты орындалған жұмыс	
		көлемі		көлемі

14. Орнатылмаған жабдықтың тізбесі мен 199 _____ жылғы 1 _____
баланс бойынша құны _____ мың сом.

Рет N	Жабдықтың құрамы	Баланс бойынша құны
-------	------------------	---------------------

15. Жер салығының мөлшері _____ сом

16. Кәсіпорынның, бөлімшенің _____
жер учаскесінің шөбі, көлемі, орналасқан жері, экологиялық,
инженерлік-биологиялық жағдайлары, аумақтық инженерлік тұрғыдан
жайғастырылуының дәрежесі, әлеуметтік, инженерлік-көлік
инфрақұрылымның жайы, мәдени және тарихи маңызы бар жалпы
пайдаланудағы объектілер туралы деректер.

III. ЖҰМЫС КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

1. Кәсіпорынның жұмыс комиссиясының құрамы:

а) әкімшілік өкілдері:

(аты-жөні, қызметі)

(аты-жөні, қызметі)

ә) еңбек ұжымының өкілдері:

(аты-жөні, қызметі)

(аты-жөні, қызметі)

2. Жұмыс комиссиясы құрылған уақыт: 199 ____ жылғы _____
(басшының N _____ бұйрығы), еңбек ұжымының жалпы
жиналысының (конференциясының) N _____ хаттамасы

IV. АКЦИЯЛАРДЫ БӨЛУ

(Жекешелендіру жөніндегі жұмыс комиссиясы жекешелендіру
бағыттарының бірі үшін белгіленген тәртіп негізінде толтырады) 1. 1 -
НҰСҚА (жаппай жекешелендіру)

1.1. Бастапқы деректер:

а) Жарғылық капитал _____ мың сом

ә) Акциялар саны _____ дана

б) Бір акцияның номиналы _____ сом

(барлық акциялардың номинал құны бірдей - 100 сомнан 1000 сомға дейін).

1.2. Қызметкерлерге қайтарусыз берілетін артықшылықты акциялар:

а) Жұмыс істейтіндердің орташа саны (____) X 93 жылғы 1 _____
жағдай бойынша айлық жалақының орташа мөлшері
(____) X 12 = _____ мың сом

ә) Бір артықшылықты акцияның номинал құны _____ сом

б) Артықшылықты акциялар саны _____ дана

в) Артықшылықты акциялар жарғылық капиталының _____ процентіне
тең.

1.3. Қызметкерлер жабық жазылу арқылы жеңілдік шарттармен сатып
алған кәдімгі акциялар:

а) Кәдімгі акциялардың жалпы сомасы - барлығы: _____

_____ мың сом

ә) Бір акцияның номинал құны _____ сом

б) Кәдімгі акциялардың саны = 1.3 "в" тармағы бойынша кәдімгі акциялардың сомасы (_____): бір акцияның номиналы = (_____) _____ дана.

в) Жабық жазылу бойынша жеңілдік шарттармен қызметкерлерге сатуға (Меммүліккомның рұқсатымен) арналған кәдімгі акциялар жарғылық қордың _____ проценті болып табылады.

1.4. Әкімшіліктің лауазымды адамдары өздерімен жасалған шарттармен номинал құны бойынша сатып алатын кәдімгі акциялар:

а) Акциялардың жалпы сомасы - барлығы: _____

_____ мың сом

ә) Бір акцияның номинал құны _____ дана

б) Акциялар саны _____ сом.

в) жабық жазылу бойынша жеңілдік жағдайда қызметкерлерге сатуға арналған кәдімгі акциялар жарғылық қордың _____ проценті болып табылады.

1.5. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің қолында болатын кәдімгі акциялар:

а) Меммүліккомның қолында болатын кәдімгі акциялардың акционерлік қоғам құрылған кезде белгіленетін үлесі (акционерлік қоғам акцияларының жалпы санының _____ процентінен аспауға тиіс): _____ процент.

ә) Кәдімгі акциялардың жалпы сомасы - барлығы: _____

_____ мың сом.

Ескерту:

1. Жеңілдік жағдайда сатылатын акциялардың сатылмағандары Меммүліккомның қарамағында қалады.

2. Жекешелендірілуі үкіметтің шешімі бойынша жүзеге асырылатын мемлекеттік кәсіпорындар акционерлік қоғамдар етіп қайта құрылған жағдайда Қазақстан Республикасының Меммүліккомы акциялардың бақылау пакетін мемлекеттік меншікке үш жылға дейінгі мерзімге бекітіп беру туралы шешім қабылдауға құқылы.

Екінші бөлім

**АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМНЫҢ БАҒАЛЫ
ҚАҒАЗДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ**

(комитет немесе оның аумақтық органдары толтырады)

1. Акционерлік қоғамның толық қысқартылған атауы

2. Номинал құны бойынша орналастырылатын акциялардың жалпы сомасы _____ мың сом

3. Бір акцияның номинал құны _____

4. Орналастырылатын акциялардың саны мен түрі:

4.1. Кәдімгі акциялар:

Саны _____ дана

Номинал құны _____ сом

Жарғылық қор үлесі _____ процент

4.2. Артықшылықты акциялар:

Саны _____ дана

Номинал құны _____ сом

Жарғылық қор үлесі _____ процент

5. Акциялар шығару нысаны:

(есеп шоттардағы жазба түріндегі қолда жоғы, жазбалар орталықтандырылған депозитарийде сақталатын қолда жоғы, акциялардың арнаулы бланкілері түріндегі қолда бары)

6. Акцияларды орналастыру мен сатудың тәртібі, мөлшері, мерзімі:

Жекешелендіру кезінде		Мерзімі		Сома,		Үлес,
сату әдісі		-----		мың		акциялардың
		Сатуды		Сатуды		сом
		бастау		аяқтау		жалпы
						санының
						проценті

1		2		3		4		5
---	--	---	--	---	--	---	--	---

1.

1.1. Акциялар - барлығы: - - - -

1.2. Акциялар үлгісіндегі артықшылықты акцияларды орналастыру	-	-	-	-
1.3. Жабық жазылу бойынша кәдімгі акцияларды еңбек ұжымы арасында орналастыру	-	-	-	-
1.4. Еркін сатылуға тиісті акциялар - барлығы: солардың ішінде	-	-	-	-
1.5. Купондық аукциондарда сатуға жататындары	-	-	-	-
1.6. Акциялар пакеттерінің ірі инвесторларына сатуға жататыны:				
- аукционда	-	-	-	-
- конкурс бойынша	-	-	-	-
- инвестициялық саудада (сатудың таңдап алынған әдістері көрсетіледі)				
1.7. Сатып алу құқы басқаруға шарт жасасқан адамдар тобына бекітілген кәдімгі акциялар	-	-	-	-
1.8. Бағалы қағаздар нарығында сатуға жататыны (сату әдісі көрсетіледі)	-	-	-	-

7. Акциялар пакетін қалыптастыруды талап ету, акциялар пакетін жекелеген топтарға бөлу _____

8. Жарғылық капиталға қосылмаған объектілерді, жекешелендірілуге жатпайтын объектілерді пайдаланудың тәртібі мен шарттары _____

9. Басқаруға келісім жасасқан адамдар тобымен шарт жасасу

10. Кәдімгі акцияларды инвестициялық жекешелендіру купондарына сатудың шарттары мен тәртібі _____

Жекешелендіру жоспары мынадай құжаттармен бір мезгілде ұсынылады:

- а) Кәсіпорынның 199 ____ жылғы 1 _____ балансы, бағалау актісі, кредиторларға қарыз туралы (мерзімі өтіп кеткен кредиторлық қарыз көрсетіледі) мәлімет, дебиторлық қарыз туралы (мерзімі өтіп кеткен дебиторлық қарыз көрсетіледі) мәлімет;
- ә) Еңбек ұжымының жалпы жиналысының (конференциясының) хаттамасы;
- б) Акционерлік қоғамның Үлгі жарғысына сәйкес ашық акционерлік қоғам жарғысы;
- в) Жұмыс комиссиясын құру туралы кәсіпорын басшысының бұйрығы немесе еңбек ұжымының жалпы жиналысының (конференциясының) хаттамасы;
- г) Кәсіпорынның жер учаскесі орналасуының егжей-тегжейлі жоспары;
- д) Жер учаскесінің нормативті бағасы туралы акті.

Жоспар берілген күн: _____

Жекешелендіру жөніндегі жұмыс

комиссиясының төрағасының
қолы

(Аты-жөні)

Жекешелендіру жөніндегі жұмыс
комиссиясы мүшелерінің
қолы

(Аты-жөні)

Келісілген күн _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Меммүлікком комиссиясы
мүшелерінің қолы

(Аты-жөні)

"БЕКІТЕМІН"
Меммүлік жөніндегі аумақтық
комитет төрағасының қолы

(Аты-жөні)

Жекешелендіру жоспары бекітілген күн 199 ____ ЖЫЛҒЫ _____

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 14 шілдедегі
N 606 қаулысына
N 5 ҚОСЫМША

МЕМЛЕКЕТТІК АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМНЫҢ, КОМПАНИЯНЫҢ

ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ҚАТЫСАТЫН АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМНЫҢ, КОМПАНИАНЫҢ
ҮЛГІ ЖАРҒЫСЫ

1-бап
Қоғамның атауы

1.1. Қоғамның атауы: қазақ тілінде - " _____ " акционерлік қоғамы, қысқаша атауы - " _____ " орысша, (нұсқасы - ағылшын) тілінде - " _____ ", қысқаша атауы - " _____ " .

1.2. Қоғамның мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, _____ қаласы, _____ көшесі.

1.3. Қоғамның еншілес фирмаларының мекен-жайы: _____

1.4. Қоғам филиалдарының мекен-жайы: _____

1.5. Қоғам кәсіпорындарының мекен-жайы: _____

2-бап

Қоғамның заңды мәртебесі

2.1. " _____ " акционерлік қоғамы, бұдан әрі Қоғам деп аталады, _____, бұдан әрі Құрылтайшы, инициативасымен, заңды ұйымдар мен жеке адамдардың, бұдан әрі Акционерлер, қаражатын жұмылдыру жолымен, Акционерлер конференциясының 199 ____ жылғы " _____ " _____ шешімі негізінде құрылып отыр.

(Нұсқа: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің шешімі негізінде _____ аумақтық комитеттің _____)

2.2. Қоғам заңды ұйым болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдары мен осы Жарғы негізінде жүзеге асырады.

2.3. Қоғамның қаржы және өндірістік қызметі шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырылады.

2.4. Қоғамның дербес балансы, бланкілерде есеп айырысу және басқа шоттары болады, қазақ және орыс тілдерінде атауы көрсетілген мөрі бар.

2.5. Қоғамның тауар белгісі мен рәмізі болуы мүмкін, олардың үлгілерін Қоғамның Басқармасы бекітеді және белгіленген тәртіппен тіркеліп отырады.

2.6. Қоғам тіркелген сәттен бастап заңды ұйым құқына ие болады.

3-бап

Қоғам қызметінің мақсаты мен мәні

3.1. " _____ " Қоғамы қызметінің мақсаты - пайда алу, сондай-ақ (қажеттілерін атап шығу керек).

3.2. Қоғам қызметінің мәні:

- тауарлар өндіріп, өткізу, жұмыс атқару және кәсіпорындарға, ұйымдар мен азаматтарға қызметтер көрсету;

- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сыртқы экономикалық қызмет;

- Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдары тыйым салмаған басқа да қызмет (қызметтің түрлерін атап шығу керек).

4-бап

Қоғамның қатысушылары

Қоғамның қатысушылары:

4.1. Құрылтайшы - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті (мемлекеттік мүлік жөніндегі аумақтық комитет), басқа да заңды ұйымдар мен жеке адамдар, қолданылып жүрген заңға сәйкес.

4.2. Қолданылып жүрген заңдармен және осы Жарғымен белгіленген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасының, басқа мемлекеттердің заңды ұйымдары мен жеке адамдары.

4.3. Қоғамның барлық қатысушылары өздері сатып алған Қоғам акцияларының құнын толық өтегеннен (төлегеннен) кейін осы Жарғыдан туындайтын құқықтар мен міндеттерге ие болады және бұдан әрі "Акционер" деп аталады.

5-бап

Қоғамның құқықтары

5.1. Қоғам осы үлгідегі ұйым үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген барлық құқықтарды пайдаланады.

5.2. Қоғамның жеке мүлкі болады, өзіне тиесілі мүлік шегіндегі міндеттемелері бойынша жауапкершілік жүктеледі, оған тек Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес айып салынуы мүмкін.

Қоғам таратылған жағдайда салымды толық салмаған қатысушылар Қоғам міндеттемелері бойынша төленген сома шегінде жауапты болады.

Қатысушылар Қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты Қоғам да өз қатысушыларының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Мемлекет Қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді сол сияқты Қоғам да мемлекет міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Қоғам акционерінің қоғам мүлкінің құрамына кіретін кейбір объектілерге, соның ішінде Акционер енгізген объектілерге де құқықтары болмайды.

5.3. Қоғам өз атынан мәмілелер (шарттар, контракттар) жасаса алады, мүліктік және жекеше мүліктік емес құқықтарды сатып ала алады және міндеттене алады, төрелікте, сотта және аралық сотта талапкер мен жауапкер бола алады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына қайшы келмейтін басқа да іс-қимылдарды жүзеге асыра алады.

5.4. Қоғам сенімхаттар мен міндеттемелер беруге құқылы.

5.5. Қоғам қорғау құжаттарын, технологияларды, "НОУ-ХАУ-ды" және басқа ақпаратты сатып ала алады және иелену мен пайдалану құқын бере алады.

5.6. Қоғам заңды бұйымдар мен жеке адамдардан сом және шетелдік валюта есебімен кредит беруге және кредитті пайдалануға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарымен белгіленген талаптар негізінде облигациялық заемдар шығаруға құқылы.

5.7. Қоғам Қазақстан Республикасының аумағында және шетелде меншіктің барлық нысанындағы басқа кәсіпорындармен және ұйымдармен бірлестіктерге кіруге, құрылтайшы болуға, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарымен белгіленген негізде Қазақстан Республикасының аумағындағы және шетелдегі басқа шаруашылық қоғамдар мен кәсіпорындарға қатысушы болуға құқылы.

5.8. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес шетелде шаруашылық қызмет жүргізуге, соның ішінде шетелдік заңды ұйымдар мен жеке адамдардың қатысуымен Қазақстан Республикасының аумағында және шетелдерге бірлескен кәсіпорындар, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдар құруға құқылы.

5.9. Қоғам бағалы қағаздар шығара алады және оларды қолданылып жүрген заңда көзделген тәртіппен тарата алады.

5.10. Қоғам республикада және шетелде филиалдар мен өкілдіктер аша алады, оларға меншікті мүлік есебінен негізгі және айналым құрал-жабдығын бере алады және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес олардың қызметінің тәртібін айқындай алады. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі олардың бөлек балансында және жалпы қоғам балансында есептеледі.

5.11. Филиалдардың немесе өкілдіктердің қызметіне басшылықты Қоғам тағайындайтын адамдар жүзеге асырады. Филиалдың басшысы мен өкілдіктің басшысы Қоғамнан алынған сенімхат негізінде іс-қимыл жасайды.

5.12. Қоғам сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында және осы Жарғыда көзделген басқа да құқықтарды жүзеге асыра алады.

6-бап

Акционерлердің құқықтары мен міндеттері

6.1. Қазақстан Республикасы мен басқа да мемлекеттердің заңды ұйымдары мен жеке адамдары акционерлер бола алады.

6.2. Акционерлер:

- акцияларды осы Жарғыда және Құрылтай шартында (Шартта) көзделген тәртіппен, мөлшермен және тәсілдермен төлеуге;
- осы Жарғыда және Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдарда және осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;
- осы Жарғыда көзделген шекте Қоғамды жоғары басқару органдарының (Жалпы жиналыс, Бақылау кеңесі) шешімдеріне бағынуға;
- Қоғамның қызметі туралы құпия ақпаратты жарияламауға;
- Қоғамға нұқсан келтіруі мүмкін кез-келген қызметтен тартынуға міндетті.

6.3. Акционерлер:

- осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғам істерін басқаруға қатысуға, Кеңес пен Басқарма мүшелерін тағайындауға және кері шақырып алуға;
- осы Жарғыда көзделген көлемде және нысандарда дивидендтер мен сыйлық түрінде таза пайда алуға;
- Қоғам қызметінің мәселелері бойынша ұсыныстарды осы Жарғыда көзделген тәртіппен Кеңестің және Қоғамның басқа да басқару Органдарының құзырына сәйкес олардың қарауына енгізуге;
- осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамның қызметі, оның мүлкінің жай-күйі, пайда мен зиянның шамасы туралы ақпарат алуға;
- Қоғам өндіретін өнімді (жұмыс, қызмет) басым тәртіппен алуға құқылы.

6.4. Қоғам Құрылтайшылары 6.2.-тармақта көзделген міндеттермен қатар:

- Қоғам құрылған сәттегі Жарғылық қордың кемінде 1/4 бөлігі мөлшеріндегі акцияларды екінші қаржы жылының есебі бекітілгенге дейін оларды иеліктен айыру құқығынсыз өзінде қалдыруға;
- екінші қаржы жылының есебі бекітілгенге дейін мүлік ақысын төлеген өздеріне тиесілі акцияларды иеліктен айырмауға;
- Қоғам тіркелген күннен бастап бір жыл бойына акциялардың төленген ақысы ретінде келіп түскен ақша мен басқа да мүліктің сақталуы үшін, сондай-ақ Қоғам мен жеке акционерлерге келтірілген зиян үшін (зиян Қоғамның хабарландыруларында немесе Жалпы жиналысқа табыс етілген еңбек үшін сыйақы мөлшерін, сондай-ақ Қоғамды құруға жұмсалған шығынға қатысты есептерде, немесе Құрылтайшылар Қоғамға берген мүлікті бағалауда теріс мәліметтерді хабарлау себепті келтірілген жағдайда) ынтымақты материалдық жауапкершілік жүктелуге міндетті.

7-бап

Қоғамның мүлкі.

Қоғамның жарғылық және резервтік қорлары

7.1. Қоғамның мүлкі акциялардың ақысы ретінде төленген жарналардан (

Жарғылық қор), Шаруашылық қызмет нәтижесінде қоғам өндірген өнімнен, алынған табыстан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында рұқсат етілген басқа негіздер бойынша сатып алынған өзге мүліктен құралады.

7.2. Қоғам:

- өзіне қатысушылар берген мүлікті;
- Шаруашылық қызмет нәтижесінде қоғам өндірген өнімді;
- алынған табыстарды, сондай-ақ заңдарға рұқсат етілген басқа да негіздер бойынша өзі сатып алған өзге мүлікті меншіктенуші болып табылады.

7.3. Жарғылық қор Қоғамның қызметін қамтамасыз ету үшін құрылады. Жарғылық қордың бастапқы шамасы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес акциялардың данасына бөлінген мың сом мөлшерінде белгіленеді.

7.4. Акциялардың ақысын төлеу ретінде мүлік және пайдалану құқықтары түріндегі салымды Қоғамның Құрылтайшылары мүлік салған Акционермен уағдаластық бойынша бағалайды және Акционерлердің жалпы жиналысы бекітеді.

7.5. Салым есебіндегі ақшалай қаражат Қоғамның N шотына салынады.

Шетелдік валюта түріндегі ақшалай жарна Қоғамның Жарғылық қорына салу кезінде Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісінің сол сәттегі коммерциялық курсы бойынша сомға шағып қайта есептеледі. Валюталық қаражат Қоғамның валюталық шотына аударылады.

7.6. Басқарманың шешімі бойынша және акциялардың ақысын төлеу ретінде салынған жарналар иелерінің келісуімен бұл жарналар ішінара немесе толық салымдар түрінде талап етіп алынуы мүмкін.

Қоғамға қызмет көрсетуші банкілер Басқарманың тапсыруы бойынша ішінара төленген жарналар мөлшерінде олардың иелеріне тиісті уақытша куәліктер береді, жарналар толық төленгеннен кейін олар акцияларға айырбасталады.

7.7. Акциялардың ақысын төлеу ретінде төленген мүліктік жарналар Құрылтайшы тағайындаған сенім көрсетілген адамға беріледі. Сенім көрсетілген адам мүлікті өзінің қалауы бойынша таңдап алынған тәсілмен сақтайды. Сенім көрсетілген адам өзіне берілген мүліктің сақталуына жауапты болады.

Қоғам құрылды (құрылған жоқ) деп танылғаннан кейін сенім көрсетілген адам мүлікті Қоғамға береді (оны бұрынғы иесіне қайтарады).

7.8. Қоғамның Жарғылық қорының дер кезінде құрылуын қамтамасыз ету үшін Басқарма белгіленген жарнаны иесі бір жыл ішінде төлемеген (салмаған) акциялардың күшін жоюға және оларды жаңа акциялармен ауыстыруға құқылы, олар осы Жарғыда көзделген тәртіппен таратылады.

Акцияларды сатқаннан кейін түскен сомадан күші жойылған акцияның ұстаушысына ол төлеген жарна қайтарылады, бұл орайда акцияны ауыстыруға және жаңа акцияны сатуға байланысты шығындарды ұстап қалады.

7.9. Бұрын шығарылған акциялардың бәрі көрсетілген құнынан төмен болмайтын құн бойынша толық төленген болса, Жарғылық қор мүлікті заттай нысанда салу арқылы көбейтілген жағдайдан басқа реттеу Қоғам Жарғылық қорды көбейтуге құқылы.

Жарғылық қордың көбейтілуіне байланысты қосымша жазылу қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүргізіледі. Олар заңды ұйымдардың мирасқорлық құқығы тәртібімен мұрагерлік бойынша және басқа негіздер бойынша да алынуы мүмкін. Қоғам қосымша шығарылған акцияларды шарттық баға бойынша өткізуге құқылы.

7.10. Жарғылық қорды көбейту туралы шешім қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қабылданады. Жарғылық қорды көбейту туралы мәселені шешу кезінде алдағы уақытта Қоғамның Жалпы жиналысы шақырылатыны туралы Акционерлерге хабарламада:

- Жарғылық қорды көбейтудің уәждері, тәсілі және ең аз мөлшері;
- Жарғылық қордың көбейтілуіне байланысты Қоғам Жарғысына енгізілетін өзгерістердің жобасы;
- қосымша акциялардың саны және олардың жалпы құны туралы деректер;
- Акционерлердің қосымша шығарылатын акциялар жөніндегі құқықтары;
- қосымша шығарылатын акцияларға жазылу мерзімі баяндалады.

7.11. Басқарманың шешімімен Жарғылық қор қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Жарғылық қордың 1/3 бөлігіне дейінгі мөлшердегі сомаға көбейтілуі мүмкін.

7.12. Қоғамның Жарғылық қорын азайту туралы шешім қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Жарғылық қорды көбейту туралы шешім сияқты тәртіппен қабылданады.

7.13. Күші жойылған акциялардың орнына Жарғылық қор азайған кезде тиісті мөлшерде жаңа акциялар шығарылады, оларды Қоғам өткізеді. Осы акцияларды сатудан түскен сомандан жаңа акцияларды дайындауға және сатуға байланысты шығын шегеріледі, ал қалған соманы Басқарма күші жойылған акцияларды ұстаушыларға немесе олардың мұрагерлеріне күші жойылған тиесілі акциялардың санына орайластырып береді.

7.14. Жарғылық қордың мөлшерін азайту туралы Қоғамның шешімдерін баспасөзде жариялау арқылы барлық Акционерлерге хабарланған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін күшін жоюға ұсынылған акциялар жарамсыз деп танылады.

7.15. Жарғылық қормен қатар Қоғамда Резервтік қор құрылады.

Резервтік қор тосын залалдарды өтеуге, таза пайда жетіспеген жағдайда артықшылық берілген акциялар бойынша дивидендтерді төлеуге арналады. Резервтік қор Қоғам басқармасының шешімі бойынша жұмсалады.

7.16. Залалды өтеу үшін Резервтік қордың қаражаты жетпеген жағдайда Жарғылық қор пайдаланылады, бұл орайда ол кейіннен таза пайданы бірінші кезекте аудару арқылы қалпына келтіріледі.

7.17. Резервтік қор Жарғылық қордың кемінде 10 процент мөлшерінде (нұсқа - 10-25%) құралады. Резервтік қор Қоғамның қызметін өрістету үшін пайдаланылуы мүмкін.

7.18. Кәдуілгі қорлармен қатар Қоғам заем қорларын иемденеді. Заем қорлары кредит алу есебінен, не облигациялар шығару жолымен құралады.

Кредитті пайдалану ережелері Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарымен белгіленеді.

8-бап

Қоғамның бағалы қағаздары

8.1. Қоғамның бағалы қағаздарын шығару, тіркеу, тарату және олар

бойынша есеп айырысу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарымен, осы Жарғымен және Құрылтай Шартымен айқындалады.

8.2. Қоғам акциялар, облигациялар, акциялар сертификаттарын шығарады.

8.3. Қоғам әрқайсысының көрсетілген құны _____ сом акциялар шығарылымын жүзеге асырады.

8.4. Қоғам акциялардың мынадай түрлерін шығарады:

- Атаулы (кәдімгі) жай акциялар: құны _____ сомдықтан дана _____ сом мөлшерінде;

- Атаулы (басымдық берілген) жеңілдік жасалған акциялар; құны _____ сомдықтан _____ дана _____ сом мөлшерінде;

Ұсынушыға арналған жай акциялар: құны _____ сомдықтан дана _____ сом мөлшерінде;

Ұсынушыға арналған жеңілдік жасалған акциялар: құны _____ сомдықтан _____ дана _____ сом мөлшерінде.

Акционерлерге тиесілі акциялардың жалпы сомасы мөлшерінде

сертификат берілуі мүмкін.

8.5. Қоғам шығаратын акциялар Жарғылық қорға төленген жарнаға айырбас ретінде жазылу негізінде немесе еркін бағамен сату арқылы таратылады.

Қоғам акцияларды сатуды, қайта сатуды, сақтауды және олар бойынша дивидендтер төлеуді өзіне қызмет көрсетуші банкілерге тапсыра алады.

8.6. Акционерлер акциялардың ақысын төлеу үшін өз жарналарын:

- ақшалай қаражат (сом және шетелдік валюта есебімен);
- мүліктің алуан түрлері;
- бағалы қағаздар түрінде төлей алады.

8.7. Акциялардың иесі белгіленген жеңілдіктерді ескере отырып, олардың көрсетілген құнының бүкіл сомасын Құрылтай жиналысы белгілеген мерзімде, бірақ Қоғам тіркелгеннен кейін бір жылдан кешіктірмей төлеуі қажет. Әйтпесе ол Жалпы жиналыс бұл акцияларға жазылудың күшін жою туралы және оларды үшінші адамдарға сату туралы шешім қабылдамаса, Қоғамға мерзімі өтіп кеткен уақыт үшін мерзімі кешіктірілген сомадан жылдық табыстың 10 проценті есебімен өсім төлейді.

8.8. Қоғам Акционерден (оның келісуімен) оған тиесілі акцияларды кейіннен қайта сату немесе Жалпы жиналыстың шешімі бойынша күшін жою үшін өтеуін төлеп ала алады. Бұл акцияларды Қоғам сатып алған кезден бастап бір жылдан асырмай өткізілуге тиіс. Бұл кезең ішінде пайданы бөлу, Жалпы жиналыста дауыс беру және қворумды анықтау Қоғам сатып алған акцияларды есепке алмай жүзеге асырылады.

8.9. Толық төленбеген акциялар үшін Қоғам (немесе оның тапсыруымен банк) атаулы уақытша куәлік береді, жарна толық төленгеннен және Қоғам тіркелді деп танылғаннан кейін бұл куәлік акцияларға айырбасталады. Уақытша атаулы куәлікті Басқарма акционерге Қоғам тіркелген күннен бастап үш ай мерзімнен кешіктірмей акционер өзі жазылған акциялар үшін ақысын төлегені туралы түбіршекке айырбас ретінде береді.

8.10. Уақытша куәліктер мен атаулы акциялар, егер бұған тыйым салынатыны туралы жазба жоқ болса, бір адамнан екінші адамға куәліктер мен акциялардағы табыстама жазба арқылы тапсырылады, олар берілгені туралы Қоғам басқармасының кітабында белгі соғу үшін тиісті өтініш жазылып, оған көрсетілуге тиіс. Өзінің бастамасымен Басқарма куәліктер мен акциялардағы табыстама жазбаны тек соттың ұйғарымы бойынша ғана жазады. Куәліктер мен акциялардың тапсырылғаны туралы белгіні кітаптарға Басқарма тапсырылатын

куәліктер мен акциялар Басқармаға көрсетілген күннен кейін үш күн ішінде соғады, ал табыстама жазбаны Басқарманың өзі жазған жағдайда - куәліктер мен акциялардың табысталғанын куәландыратын тиісті құжат көрсетілген күннен кейін үш күн ішінде соғады.

Қолданылып жүрген заңдармен белгіленген мерзімі өтіп кеткен жарнаны Басқарманың алғаны көрсетілмейтін уақытша куәлік басқа адамға табысталмайды, сөйтіп мұндай куәлік бойынша кез-келген мәміле жарамсыз деп танылады. Бұл талап куәліктердің өзінде көрсетілуге тиіс.

8.11. Уақытша куәлік пен атаулы акцияларды жоғалтып алған адам бұл жайында Басқармаға жоғалған куәліктер мен акциялардың нөмірін көрсетіп, жазбаша мәлімдеуге тиіс. Басқарма оның есебінен баспасөзде хабарлама жариялайды. Егер хабарлама жарияланғаннан кейін алты ай өткен соң жоғалған куәліктер немесе акциялар туралы ешқандай мәліметтер түспесе, онда бұрынғы нөмірлі жаңа куәліктер немесе акциялар беріледі және олардың жоғалған куәліктердің немесе акциялардың орнына берілгені туралы жазу жазылады. Акцияларды жоғалтқан ұстаушы жоғалған акциялар бойынша оларды жаңартуға Жарғы бойынша қажетті уақытқа дивиденд алу құқығынан айырылады.

8.12. Акцияларға жазылу кезінде жазылушылар берілген жеңілдіктерді ескере отырып, акциялардың көрсетілген құнының кемінде 20 процентін бір мезгілде төлеуі керек, ал қалған бөлігін ықтимал қосымша төлеммен бірге Басқармаға белгіленген мерзімде төлеуге тиіс.

8.13. Егер Жалпы жиналыс белгілеген мерзімде акциялардың бәріне бірдей жазылмаған болса, онда акциялардың шығарылымы жүзеге асырылмаған деп есептеледі, төленген ақша қайтарылуға тиіс, ал Акционерлердің таяудағы Жалпы жиналысында Жарғының тексіне тиісті өзгерістер енгізілуге тиіс.

8.14. Қоғам Акционерлері жаңадан шығарылған акцияларды сатып алудың басым құқығына ие болады. Егер жаңадан шығарылған акциялар Қоғам қызметкерлері мен акциялардың иелері арасында толық өткізілмесе, онда қалған акциялар қолданылып жүрген заңдарға сәйкес еркін бағамен сату арқылы таратылады.

8.15. Қоғамның өзінің шаруашылық қызметіне байланысты залалдарды өтеу үшін акциялар шығаруға құқығы жоқ.

8.16. Акциялар ашық таратылған жағдайда Қоғам бірінші тоқсаннан кешіктірмей өзінің қызметі жайында баспасөзде есеп жариялауға міндетті.

Есепті жариялағанға дейін Тексеру комиссиясы Қоғамның қызметін тексеруге тиіс. Тексеру нәтижелері бойынша жазылған акт Қоғамның қызметі туралы есептің ажырамас бөлігі болып табылады.

8.17. Қоғамға, сондай-ақ оның лауазымды адамдарына жарияланымда баяндалған мәліметтердің растығы үшін жауапкершілік жүктеледі.

8.18. Жеке адамдар тек атаулы акциялардың ғана иелері болып табылады. Атаулы акциялардың қозғалысы акцияларды тіркеу кітабына жазылып отырады, оны Қоғам жүргізеді. Оған әрбір атаулы акция, акцияның сатып алынған уақыты, сондай-ақ әрбір акционердегі осындай акциялардың саны туралы мәліметтер жазылады.

Акцияларды тіркеу кітабында ұсынушыға арналған акциялар бойынша тек олардың жалпы саны ғана жазылады.

Акцияларға кепілдік құқықтары бар адамдар туралы мәліметтер де тізімдемеге жазылады, онда кепілдік ұстаушының осы акциялар бойынша дауыс беру құқығының бар-жоғы көрсетіледі.

8.19. Қоғам жеке адамдардың _____ мың сомнан аспайтын мөлшерде акцияларды иеленуіне рұқсат етеді (нұсқа - Жарғылық) қордың _____ проценті.

8.20. Қоғам шығаратын жеңілдік жасалған акциялар Қоғамның пайда алуына қарамастан олардың көрсетілген құнының проценті мөлшерінде дивидендтер алу құқығын береді.

Пайда жеткіліксіз болған жағдайда дивидендтер Резервтік қор есебінен төленеді. Жай акциялар бойынша төленетін дивидендтердің мөлшері жеңілдік жасалған акциялар бойынша есептелген төлемдердің мөлшерінен асып түскен жағдайда жеңілдік жасалған акциялардың ұстаушыларына басқа Акционерлерге төленген дивидендтердің мөлшеріне дейін қосымша төлем төленеді.

8.21. Жеңілдік жасалған акциялар иелерінің Қоғамда дауыс алу құқығы жоқ.

8.22. Жеңілдік жасалған акциялардың иелері кәдуілгі акциялардың иелері арасында мүлік бөлінгенге дейін Қоғам таратылған жағдайда Қоғамның мүлкін бөлу кезінде өз акцияларының көрсетілген құнын толық алады.

Бөлінетін мүліктің мөлшері акциялардың көрсетілген құнынан асып түскен жағдайда жеңілдік жасалған акциялардың иелері басқа Акционерлер алатын мүліктің мөлшеріне дейін қосымша төлем алады.

8.23. Акционерлерге тиесілі акциялардың жиынтық көрсетілген құны мөлшерінде оларға берілетін акциялардың сертификаттарын шығара алады.

8.24. Қоғам облигациялар шығаруға және оларды заңды ұйымдар мен жеке адамдардың арасында таратуға құқылы.

8.25. Бағалы қағаз Қоғамның облигациясы болып табылады, ол иесінен оның осы бағалы қағазда көрсетілген мезгілде өтеу және белгіленген процентті төлеу жөніндегі Қоғамның міндеттемесін қуаттайды. Проценттік мөлшерін облигациялар шығару кезінде Басқарма белгілейді. Облигациялар бойынша проценттер жыл сайын төленеді.

Облигациялар шығару туралы шешімді Қоғам Басқармасы қабылдайды.

8.26. Қоғам атаулы облигациялар және ұсынушыға арналған облигациялар шығарады.

Атаулы облигацияның нақты адамға тиесілі екендігі, сондай-ақ оның басқа тәсілмен табысталуы немесе иеліктен айыруы Қоғам жүргізетін кітапта тіркеледі. Облигацияларды басқа тәсілмен сату, табыстау және иеліктен айыру Қоғамның келісімін талап етпейді.

8.27. Қоғам Жарғылық қордың 25 процентінен аспайтын мөлшерде және тек шығарылған акциялардың бәрі толық төленгеннен кейін ғана акциялар шығаруға құқылы.

Қоғам және облигациялардың ұстаушылары облигацияларды тікелей банк арқылы өткізе алады.

Қоғам облигацияда көрсетілген соманы өтеу және проценттерді төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған немесе дер кезінде орындай алмаған жағдайда проценттер Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарымен белгіленген тәртіппен жазылған нотариалдық жазба негізінде күштеп өндіріп алынады.

8.28. Акциялардың кепілге салынуы туралы мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

8.29. Акциялар мен облигацияларды шығарудың, қозғалысының және

есепке алудың басқа мәселелері, сондай-ақ Акционерлердің Жалпы жиналысы бекіткен бағалы қағаздар туралы ережемен және қолданылып жүрген заңға сәйкес жасалған басқа да нормативтік актілермен айқындалады (Қоғамның Жарғысына қосымшалар).

Ескерту.

Акциялардың белгілі бір санын мемлекеттік емес бір ұйым немесе жеке адам тарапынан иеленуді шектеу Акционерлердің қалауы бойынша Жарғыға қолданылып жүрген заңдар негізінде Жалпы жиналыстың шешімімен енгізілуі мүмкін.

9-бап

Қоғамның пайдасы

9.1. Қоғам өзінің шаруашылық қызметі нәтижесінде алатын пайда қолданылып жүрген заңдар бойынша салықтар төленгеннен кейін Қоғамның меншігінде қалады және Қоғамның қорларын құру және қолданылып жүрген заңдар мен осы Жарғыға сәйкес акциялар бойынша дивидендтерді төлеу үшін пайдаланылады.

9.2. Қоғам пайда есебінен:

- қорлану қорын;

- резервтік қор;
- дивидендтер төлеу қорын;
- Қоғамның қызметі үшін қажетті басқа да қорларды құрады.

9.3. Қоғам Резервтік қор осы Жарғыда белгіленген мөлшерге жеткенше Жарғылық қордың проценті есебімен таза пайда сомасының кемінде 5 проценті мөлшерінде жыл сайын Резервтік қорға аударым жарнасын аударып отырады.

9.4. Резервтік қор толық немесе ішінара жұмсалған болса, міндетті аударым жарналары жаңартылып отырады.

9.5. Қоғамда құралатын қорлардың мақсаты, мөлшері, принциптері мен құралу көздері және пайдаланылу тәртібі Қоғамның қорлары туралы Ережемен реттеледі (Жарғыға қосымша).

9.6. Қоғамның акционерлеріне дивидендтер Басқарманың дивидендтерді төлеу туралы шешімін Акционерлердің Жалпы жиналысы бекіткеннен кейін екі айдан кешіктірмей төленеді.

Дивидендтер тек ақысы төленген акцияларға ғана есептеледі.

9.7. Дивидендтердің берілетін уақыты мен орны туралы ақпаратты Басқарма баспасөзде жариялау арқылы жалпы жұртқа хабарлайды. Атаулы акциялардың иелеріне дербес хабарланады.

9.8. Үш жыл бойына талап етілмеген дивиденд талап ету мерзімі қолданылып жүрген заңдар бойынша айқындалатын жағдайдан басқа реттерде Қоғам меншігіне айналады. Бұл ретте дивидендтік соманы соттың ұйғарымына немесе тиісті мемлекеттік мекеменің өкіміне сәйкес иемденеді. Дер кезінде алынбаған дивидендтік сомаға процент есептелмейді.

9.9. Қоғам жыл сайын төлейтін акцияларға арналған дивидендтерді төлеу тәртібін және олардың шамасын айқындау Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді.

Дивидендтер Акционерлер иеленетін акциялардың саны мен түріне үйлесімді түрде бөлінеді.

9.10. Пайда есебінен құралатын қорларды пайдалану жағын Қоғамның Басқармасы жүзеге асырады.

Басқарма Бақылау кеңесімен келісе отырып, пайданы қорлар арасында қайта бөлуге құқылы. Пайданы қайта бөлу қорытындыларын Акционерлердің жалпы жиналысы бекітуге тиіс.

9.11. Қоғамның залалдары Резервтік қор қаражаты есебінен өтеледі, Резервтік қор жетпеген жағдайда Қоғамда бар басқа қорлардың есебінен, ал бұл қорлар жетпеген жағдайда Қоғамның мүлкін сату есебінен өтеледі.

10-бап

Қоғамның есебі мен есеп беруі

10.1. Қоғамның жедел, бухгалтерлік және статистикалық есебімен

есеп беруі Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген нормативтік актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

10.2. Қоғам қызметінің қаржы нәтижелері жылдық бухгалтерлік есеп-қисап негізінде белгіленеді.

Қоғамның қаржы есеп-қибасы жыл сайын жасалады және Қоғамның кірісі мен шығысын сом есебімен де, шетелдік валюта есебімен де көрсетеді.

10.3. Қоғамның қаржы жылы календарлық жылмен үйлесе келеді.

11-бап

Есеп айырысу

11.1. Қоғамның қызметіне қатысты есеп айырысудың, төлемдерді және түсімдердің барлық түрлерін, соның ішінде ағымдағы жұмыс бойынша есеп айырысуды Қоғам Басқармасының тапсырмасы бойынша оған қызмет көрсетуші банкілер жүзеге асырады.

12-бап

Қоғамды басқару органдары

12.1. Қоғамды басқару органдары:

- басқарманың жоғары органы - акционерлердің жалпы жиналысы;
- бақылау органы - бақылау кеңесі;
- атқарушы органы - басқарма (директорлар кеңесі);
- бақылаушы органы - тексеру комиссиясы.

Акционерлік Қоғамды басқару органдарының құзыры Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалады.

12.2. Жекелеген акционерлік қоғам мемлекеттік акционерлік компанияға немесе мемлекет қатысатын акционерлік компанияға, сондай-ақ холдинг компаниялардың тиісті түрлеріне кіретін (енетін) жағдайда акционерлік қоғамды басқару тәртібі мемлекеттік акционерлік, соның ішінде холдинг компаниялардың қызметін реттейтін нормативтік актілерде көзделген басқару тәртібімен сәйкестендіріледі.

13-бап

Акционерлердің Жалпы жиналысы

13.1. Акционерлердің Жалпы жиналысы Қоғамды басқарудың жоғары органы болып табылады. Акционерлердің кезекті және кезектен тыс жиналысы шақырылуы мүмкін. Жиналыс өткізілетін жерді Қоғамның Басқармасы белгілейді.

13.2. Жалпы жиналысты Басқарма өткен жылғы есеп пен балансты алдағы жылдарға арналған шығындардың сметасы мен іс-қимылдардың жоспарларын, сондай-ақ жиналыстың құзырына қатысты басқа да мәселелерді қарап, бекітуі үшін қаржы жылы аяқталған мерзімнен кейін үш айдан кешіктірмей әрі кеткенде жылына бір рет шақырады. Кезекті жалпы жиналыстардың арасындағы үзіліс 15 айдан аспауға тиіс.

Кезектен тыс Жалпы жиналысты Басқарма өзінің қалауымен, Тексеру комиссиясының талап етуімен немесе жиынтығы 20 проценттен астам дауысқа ие болған Акционерлердің талап етуімен кез-келген уақытта және кез-келген себеп бойынша шақырады.

Басқарманың жиналыс шақыру туралы шешімі талап етілген күннен бастап

20 күн ішінде қабылдануға тиіс.

Төтенше жиналысты шақырту туралы хабарламада талқылауға ұсынылатын мәселелердің тұжырымы баяндалуға тиіс.

13.3. Жалпы жиналысты шақыру туралы хабарлама шақыру тағайындалған күннен кем дегенде 45 күн бұрын жарияланады, онда жиналыстың өткізілетін күні, сағаты, орны және мәселелердің тізбесі көрсетіледі.

Атаулы акциялардың иелеріне дербес хабарланады.

13.4. Талқылауға белгіленген мәселелер бойынша Басқарманың баяндамалары Жалпы жиналыс өткізілетін күннен кем дегенде 7 күн бұрын Акционерлердің қарауы үшін ашық болуға тиіс.

13.5. Жалпы жиналыста қаралуға тиіс мәселелер тек Басқарма арқылы ғана келіп түседі.

13.6. Басқарманың немесе Тексеру комиссиясының мүшелері болып табылатын акционерлер өздерін жауапкершілікке тартуға немесе одан босатуға, өздерін лауазымнан шеттетуге, өздерінен сыйақы тағайындауға және өздері қол қойған есептерді бекітуге қатысты мәселелерді шешу кезінде дауыс беру құқығын пайдаланбайды.

13.7. Акционерлер Жалпы жиналысқа жеке өзі не өзінің өкілдері немесе уәкілдері арқылы қатыса алады. Өкілдің немесе уәкілдің сенімхаты жазбаша түрде толтырылған, нотариалдық жолмен расталған болуға тиіс және Жалпы жиналыстың хаттамасына тіркеледі. Сенімхат Басқармаға жиналыс өткізілерден 5 күн бұрын тапсырылуға тиіс. Тек Акционер ғана уәкіл бола алады. Қоғамның басқару органының мүшесі басқа Акционердің уәкілі бола алмайды.

13.8. Заңды ұйым болып табылатын Акционерлер Жалпы жиналысқа заңды ұйымның - Акционердің мөрімен қуатталған жазбаша сенімхат негізінде уәкілетті адамдар арқылы қатысады.

13.9. Егер бір акция бірлескен бірнеше адамға тиесілі болса, онда Жалпы жиналыста дауыс беру құқығын қалғандарының өкілі ретінде тек бір адам ғана пайдалана алады.

13.10. Басқарма мен Бақылау кеңесінің Акционерлер болып табылмайтын мүшелері Акционерлердің Жалпы жиналысына тек кеңесші дауыспен ғана қатыса алады.

13.11. Жалпы жиналыста құны ең аз мөлшерде белгіленген әрбір акция бір дауыс құқығын береді. Әрбір Акционер ақысы толық төленген өзіне тиесілі акциялардың санына сәйкес дауыс алуға құқылы.

13.12. Жиналысқа 60 % дауысқа ие болған Акционерлердің кемінде 50 проценті өкіл болып қатысса, ол заңды деп есептеледі.

Жарғыны өзгерту, кәсіпорынды жабу, Қоғамды тарату және тарату процесін тоқтату, филиалдар құру және тарату туралы мәселелер бойынша шешім

кабылдау үшін жиналысқа қатысушы Акционерлердің 3/4 дауысы болуы керек.

13.13. Жалпы жиналыстың шешімін қабылдау үшін қатысушылардың жартысы дауыс берсе, бұл шешімнің күші болады. Басқарма, Кеңес, Тексеру және тарату комиссиясының мүшелері көпшілік дауыспен сайланады.

13.14. Қоғам мен оның Акционері арасында шарттар жасасу туралы мәселені талқылау кезінде, сондай-ақ оны мен Қоғам арасында туындаған талап ету немесе шағым жасау немесе тоқтату туралы мәселені шешу кезінде Акционердің жеке өзінің де, сенімхат бойынша да дауыс беруге құқығы жоқ.

13.15. Жалпы жиналыста дауыс беру заңдарға көзделгеннен басқа реттерде ашық жүргізіледі.

Жасырын дауыс беру Кеңестің, Басқарманың, Тексеру және тарату комиссияларының мүшелерін сайлау және лауазымнан босату кезінде, сондай-ақ олар жөнінде талап ету немесе оны тоқтату туралы шешімдер қабылдау кезінде міндетті болып табылады.

13.16. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасында мыналар баяндалуға тиіс:

- акционерлік Қоғамның фирмалық атауы мен мекен-жайы;
- Жалпы жиналыстың өткізілген жері мен уақыты;
- жиналыс төрағасының, хатшысының, дауысты санаушылардың және хаттама мазмұнының дұрыстығын қуаттайын адамдардың аты-жөні;

- жиналыстың күн тәртібі;
- жиналыстың өткізілуі кезіндегі маңызды сәттер, ұсынылған ұсыныстар;
- қабылданған шешімдер, әрбір шешім бойынша "жақтаған" және "қарсы" дауыстардың және қалыс қалғандардың саны көрсетіледі;

- Басқарма немесе Бақылау кеңесі мүшесінің, яки Акционерлердің біреуінің наразылығы, егер наразылық білдірген адам оны хаттамаға түсіруді талап етсе. Хаттамаға жиналыстың төрағасы, хатшы және жиналыс сайлаған екі Акционер қол қояды, олар хаттама мазмұнының дұрыстығын қуаттайды.

Жиналыстың хаттамасы Қоғам бөлмелерінің бірінде көрнекі жерде бір ай бойы ілініп тұруға тиіс. Әрбір Акционер Басқармадан Жалпы жиналыстың хаттамасын немесе оның үзінді көшірмесін өзіне белгілі бір ақыға беруді сұрауға құқылы.

13.17. Жалпы жиналыстың шешімдері заңдарға немесе Қоғамның Жарғысына қайшы келетін болса, бұл шешімдерге сотта наразылық білдірілуі мүмкін.

Жалпы жиналыс шешімдерінің күшін жою туралы сотқа жүгінуге мыналар құқылы:

- Басқарма, Бақылау кеңесі мен Тексеру комиссиясы;
- жиналысқа қатысушы әрбір Акционер, егер ол қабылданған шешімге қарсы дауыс берсе және мұны хаттамаға енгізуді өтінсе.

13.18. Акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзырына жататын мәселелер "Шаруашылық серіктестіктер мен акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен айқындалады.

Жалпы жиналыстың, Бақылау кеңесінің және Басқарманың құзыры аясына жататын мәселелердің тізбесі қолданылып жүрген заңдарға қайшы келмейтін болса, Қоғам оны толықтыруға құқылы.

14-бап

Қоғамның Бақылау кеңесі

14.1. Акционерлердің Жалпы жиналысы Бақылау кеңесін сайлайды, ол жиналыстар аралығындағы кезеңде Акционерлердің мүдделерін білдіреді, заңдарда және Жарғыда белгіленген шекте Басқарманың қызметін бақылап, реттейді.

14.2. Бақылау кеңесі мүшелерінің тақ санынан - "___" мүшеден құралады. Кеңеске Акционерлер де, басқа адамдар да сайланады. Кеңестің мүшелері өзінің құрамынан Төрағаны және оның орынбасарын сайлайды. Қоғамның тексеру комиссиясының мүшелері Кеңестің мүшелері бола алмайды.

Акционерлердің Жалпы жиналысы Кеңеске сайланған адамдардың мың сом мөлшерінде акциялар сатып алуы туралы шешім қабылдауға құқылы.

14.3. Кеңестің құзырына:

- Қоғамның инвестициялық және ғылыми-техникалық саясатын айқындау;
- Қоғамның процедурасының ережелерін, нормативтік құжаттарын, ұйымдық құрылымын бекіту;
- меншікті акцияларды, немесе бағалы қағаздар эмиссиясын, жылжымайтын мүлікті сатып алу туралы мәселені шешу;
- кепілге салу мен кепілдік беру шарттары туралы мәселені шешу;
- жарғылық қордың мөлшерінен 2 еседен астам мөлшерге жасасылған шарттарды бекіту;
- тәуелді фирмалардың қызметін бақылау;
- Қоғам Басқармасының Президентімен және мүшелерімен өзара шарт

жасасу;

- Қоғамның лауазымды адамдарына сыйақы мөлшерін анықтау;
- Қоғамның лауазымды адамдарын мүліктік жауапкершілікке тарту

туралы шешім шығару;

- Акционерлердің жиналысы үшін күн тәртібін тұжырымдау;
- Жарғыда көзделген және заңға қайшы келмейтін басқа функциялар жатады.

14.4. Кеңес Басқарманың қызметін ұдайы бақылауға және Қоғамның заңдарға , Қоғамның Жарғысына және Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес жұмыс істеуін қадағалауға міндетті.

14.5. Кеңес Басқармадан Қоғам ісінің жай-күйі туралы есеп сұрауға құқылы. Кеңес Қоғамның кітаптары мен құжаттарын, Қоғамның кассасын, бағалы қағаздарды, тауарларды, шикізатты, бұйымдар мен басқа да мүлікті тексере алады. Кеңес тексеру жөніндегі міндеттерді Кеңес мүшелерінің біріне жүктей алады немесе кейбір мәселелерді анықтауға мамандарды тарта алады.

14.6. Негізгі капиталдың кемінде 10 процентін ұсынатын Акционер себептерін көрсете отырып, Кеңеске Басқарманың Қоғамның коммерциялық қызметіне басшылық жөніндегі жұмысына тексеру жүргізілуін жазбаша талап етуге құқылы. Егер Кеңес бұл тексеруді бір ай мерзімде жүргізбесе Акционерлер бұл мәселемен Жалпы жиналысқа жүгіне алады.

14.7. Кеңес қоғамды жедел басқарудың басқарма құзырындағы мәселелерін шешпейді.

14.8. Кеңес Акционерлердің Жалпы жиналысының қарауына баяндама ұсынуға міндетті, онда Басқарма қызметінің бағасы, Қоғам қызметінің бағасы беріледі, сондай-ақ Қоғамның қызметін жақсарту жөніндегі ұсыныстар баяндалады.

14.9. Кеңестің мәжілісіне қажет болған жағдайда Кеңестің төрағасы шақырады. Кеңестің әрбір мүшесі, сондай-ақ Басқарма Кеңестің төрағасынан Кеңестің мәжілісін шақыруды талап етуге, шақырудың мақсаты мен қажеттігін негіздеуге құқылы.

Кеңестің төрағасы Кеңес мүшелерінің талабын екі апта ішінде орындамаса, мәжілісті шақырудың инициаторы істің мән-жайын баяндап, Кеңестің мәжілісін өзі шақыруға құқылы.

14.10. Бақылау кеңесі, өзінің мәжілісіне Кеңес мүшелерінің кемінде жартысы қатысса, шешім қабылдауға өкілетті. Кеңес шешімді Кеңес мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылдайды. Кеңес мәжілістерінің хаттамаларына Кеңестің

қатысушы мүшелері қол қояды.

14.11. Кеңес мүшелері осы лауазымда қайта сайланбай көп дегенде 3 (5) жыл мерзімге қала алады.

14.12. Кеңес мүшелерінің (сондай-ақ Қоғамның барлық лауазымды адамдарының да) міндеттеріне мыналар жатады:

- Қоғам мүддесі үшін өзінің лауазымдық міндеттерін адал атқару;
- Қоғамға адалдықты сақтау;
- бір жағы Қоғам болып табылатын немесе болғысы келетін мәмілелерге, сондай-ақ аталған адам мен Қоғамның мүдделеріне басқадай қарама-қайшы келген жағдайда қазіргі немесе алдағы мәмілелерге өзінің қаржылай мүдделілігі туралы Кеңеске міндетті түрде хабарлау.

Еңбек қатынастарына түскен немесе меншік иесі, несиегер құқықтарына ие болған адамдар Қоғамның жеткізушілері, Қоғам өндіретін тауарлар мен қызметтерді ірі мөлшерде тұтынушылар жөнінде жеке мүдделі деп есептеледі. Сондай-ақ олар Қоғамның мүлкін иеленуден пайда таба алған, не олардың мүлкін толық немесе ішінара Қоғам құраған жағдайда есептеледі.

Кеңес мүшесі өзінің мүдделілігін мәміле жасасу туралы шешім қабылданған сәтке дейін хабарлауға міндетті.

Өзінің мүдделілігі немесе Кеңеске басқадай қарама-қайшылық туралы аталған тәртіппен хабарлаған Кеңес мүшесі осы мәмілеге қатысты талқылауға да, дауыс беруге де қатыса алмайды.

14.13. Кеңес мүшелерінің (басқа да лауазымды адамдардың) өзінің осылай мүше болып жұмыс істеген кезеңінде:

- Кеңестің немесе Басқарманың шешімдер қабылдауына ықпал еткені үшін жанама түрде немесе тікелей сыйақы алуына;
- Кеңестің мүдделі емес мүшелерінің көпшілігі немесе Қоғамның кәдуілгі акцияларының көбіне ие болған акционерлер бұған рұқсат еткен жағдайдан басқа ретте Қоғаммен бәсекелесуші кәсіпорындар құруға немесе оларға қатысуына құқығы жоқ.

14.14. Кеңестің мүшелерін, сондай-ақ Кеңес тартқан мамандарға өздеріне жүктелген міндеттерді орындағаны үшін Қоғамның таза пайдасынан Акционерлердің Жалпы жиналысы белгілеген мөлшерде сыйақы төленуі мүмкін.

14.15. Кеңестің барлық мүшелеріне бірдей жауапкершілік жүктеледі және олардың арасында міндеттердің келісіліп бөлінгеніне қарамастан Қоғам қызметінің кез-келген саласын бақылауға бірдей құқылы.

14.16. Осы Жарғының 14.12., 14.13-тармақтарында белгіленген міндеттерді бұзған Кеңес мүшелеріне Қоғамға келтірілген зиян мөлшерінде, соның ішінде Қоғамның уыстан шығарылған пайдасы үшін оның нарықтық құны мөлшерінде

жауапкершілік жүктеледі.

14.17. Бақылау кеңесінің мүшелері, мемлекеттік органдар тағайындағаннан басқалары, Жарғыда көзделген міндеттерді сақтамаған жағдайда Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі негізінде кез-келген уақытта лауазымнан шеттетілуі мүмкін.

Жалпы жиналыс жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, мемлекет

тағайындаған бақылау кеңесінің мүшелерін міндеттерінен шеттетуді талап етуге және тиісті органдарға жүгінуге қақылы.

Мемлекет тағайындаған Бақылау кеңесінің мүшелерін босату (тағайындау) тиісті нормативтік актілерде көзделген тәртіппен жүргізіледі. Аталған жағдайлардың кез-келгені бойынша қызметтен босатылғанымен Қоғамға келтірілген нұқсанның орнын толтыру міндетінен босатылмайды.

14.18. Бақылау кеңесінің мүшелерін лауазымға тағайындау, одан босату, еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

15-бап

Қоғамның Басқармасы

15.1. Қоғамның қызметін Басқарма басқарады. Басқарма Қоғамның барлық істерін басқарады. Оған Қоғамның бүкіл қызметі үшін, сондай-ақ оның іс қағаздарының дұрыс та адал жүргізілуі үшін жауапкершілік жүктеледі. Басқарма Қоғамның өкілі болып табылады. Басқарма заңдардың, Жарғының талаптарына және Акционерлердің Жалпы жиналысының нұсқауларына сәйкес Қоғамның мүлкін басқарады және оның қаржысын иеленеді.

15.2. Қоғамның Басқармасы Акционерлер жиналысы сайлайтын _____ адамнан құралады.

Басқарманы Президент басқарады. Президенті сайлау қолданылып жүрген заңдармен және нормативтік актілермен, Жарғымен реттеледі.

15.3. Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Қоғамның Акционерлері де, басқа адамдар да Басқарма мүшелері болып сайлана алады. Қасақана банкротқа ұшыраған немесе сот бас пайдасын көздеп қылмыс жасағаны үшін соттаған адамдар өкімші қызметпен айналысуға немесе материалдық жауапкершілік

жүктелетін лауазымды атқаруға шектеулер белгіленуіне байланысты Басқарма мүшелігіне сайлана алмайды.

Осы Жарғының 14.12, 14.13, 14.16-тармақтарында баяндалған ережелер басқарма мүшелеріне де қатысты.

Қоғамның Акционері болып табылмайтын адамдар Басқарма мүшесі болып сайланған жағдайда Басқарма оған жеңілдік негізде _____ мың сом мөлшерінде акциялар сатып алуға мүмкіндік береді.

15.4. Басқарма мүшелері қайта сайланбай _____ жылдан аспайтын мерзімге лауазымды қызмет атқара алады.

15.5. Акционерлердің Жалпы жиналысы (немесе Бақылау кеңесі) Басқарма Президентінің лауазымдық жалақысының мөлшерін бекітеді.

Акционерлердің Жалпы жиналысы Басқарманың ағымдағы жылға арналған шығындарының сметасын сом және валюта есебімен жыл сайын бекітеді. Ағымдағы жылға арналған шығындардың мөлшерін Басқарманың ұсынуымен Бақылау кеңесі айқындайды. Басқарма қажет болған жағдайда Кеңестің келісімімен бекітілген смета шегінде қаражатты қайта бөледі. Басқарма Кеңестің келісімімен шығындар сметасын арттыра алады, кейіннен бұл шешім Акционерлердің кезекті (кезектен тыс) Жалпы жиналысында бекітіледі.

15.6. Басқарма кемінде айына 1 рет жиналады. Басқарма мәжілісі, оған мүшелерінің кемінде жартысы қатысса, күшінде деп есептеледі. Басқарма мәжілісінде хаттама жүргізіледі, оған қатысушы мүшелерінің бәрі қол қояды.

15.7. Басқарманың қарауына мәселелер енгізу құқығы Басқарманың мүшелеріне, Қоғам кәсіпорындарының басшыларына Тексеру комиссиясының төрағасына, Қоғамның Бақылау кеңесінің төрағасына және Қоғамның Акционерлеріне тиесілі.

15.8. Басқарма шешімдері Жалпы жиналыс білікті көпшілікті көздеген жағдайдан басқа ретте Басқарма мүшелері санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда президенттің дауысы шешуші болып табылады.

15.9. Басқарма Қоғамның бюджеті шегінде шығын жұмсайды оны Акционерлердің Жалпы жиналысы жыл сайын бекітеді. Жиналыс Басқарманың қажет болған жағдайда бюджет шеңберінен қандай мөлшерге шыға алатынын шешеді, бұл орайда Басқармаға осы шығын үшін жауапкершілік жүктеледі.

15.10. Басқарманың құзырына:

- Қоғамның мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған шешімдер қабылдау, Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдерін орындау;
- өз құзыры шегінде кәсіпорындардың басшыларын тағайындау және тағайындалғандарын орнынан алу;
- оларға төленетін сыйақының нысандары мен мөлшерін айқындау;

- Жарғыны және Қоғамның кәсіпорындары мен филиалдары туралы Ережені заңда белгіленген тәртіппен әзірлеп, бекіту;
- Қоғамды қаржыландыру тәсілдері және дивидендтер төлеу туралы мәселелерді шешу;
- Басқармаға тиесілі құқықтарды өзі құратын комитеттерге, сондай-ақ адамдар мен ұйымдарға беру;
- Жалпы жиналыс жыл сайын бекітетін шығындар сметасын атқару;
- Жалпы жиналыс пен Бақылау кеңесінің ерекше құқығына кіретін мәселелерден басқа Қоғам қызметінің барлық басқа мәселелерін шешу жатады.

15.11. Басқарма Қоғам жөнінде заңдарда және осы Жарғыда белгіленген, сондай-ақ Акционерлердің Жалпы жиналысында белгіленген барлық талаптарды сақтауға міндетті.

15.12. Акционерлердің Жалпы жиналысы Басқарма мүшелерін өздеріне жүктелген міндеттерді орындаудан кез-келген сәтте шеттете алады және Басқарма мүшесі қызметінен босата алады.

Мемлекет тағайындаған Басқарма мүшелерін босату (тағайындау) тиісті нормативтік актілерде көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Аталған жағдайлардың кез келгені бойынша қызметтен босатылғанымен Қоғамға келтірілген нұқсанның орнын толтыру міндетінен босатылмайды.

Басқарма мүшелері, лауазымнан шеттету немесе босату негізсіз болса, осыған байланысты өзіне келтірілген зиянның орнын толтыруды Қоғамнан талап ете алады.

16-бап

Қоғамның қызметкерлері

16.1. Қоғам қолданылып жүрген заңдарды ескере отырып, өзі қызметін кадрлармен қамтамасыз етудің барлық мәселелерін дербес шешеді, ұйымдастыру, еңбекке ақы төлеу және оны материалдық ынталандыру нысандары мен әдістерін, тарифтік ставкалар мен жалақы, Қоғам қызметкерлеріне төленетін қосымша ақы, сыйлықақы және төлемақы мөлшерін, жұмыс уақыты мен жұмыс аптасының ұзақтығын, жыл сайынғы ақылы және басқа демалыстардың шамасы мен оларды беру тәртібін айқындайды.

16.2. Қоғам қызметкерлерін әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері мемлекеттік сектор жұмысшылары мен қызметшілері үшін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес шешіледі.

17-бап

Тексеру комиссиясы

17.1. Тексеру комиссиясы Қоғамның қаржы және шаруашылық қызметін ағымдағы және перспективалық бақылауды жүзеге асырады.

17.2. Тексеру комиссиясын Жалпы жиналыс бір жыл мерзімге сайлайды және Басқарма мүшелері болып табылмайтын, Жалпы жиналыстың сайлауы немесе Қоғам Басқармасының тағайындауы бойынша орнын басатын басқа лауазымдарды атқармайтын Акционерден тұрады.

Жалпы жиналысқа қатысушы Акционерлердің немесе олардың сенім жүктелген адамдарының қолында бар акциялардың барлық санының _____ бөлігін ұсынатын адамдар Тексеру комиссиясының бір мүшесін сайлау құқығын пайдаланады, Тексеру комиссиясының басқа мүшелерін сайлауға бұл адамдар қатыспайды.

Басқарманың мүшелері мен Президент өздері лауазымнан босатылғаннан кейін екі жыл бойына Тексеру комиссиясына сайлана алмайды. Жалпы жиналыстың рұқсат етуімен Тексеру комиссиясы өзінің жұмысына сарапшыларды тарта алады. Тексеру комиссиясының мүшелері кезекті мерзімге бірнеше рет сайлана алады.

17.3. Тексеру комиссиясы жыл сайын жоспарлы тексерулер жүргізеді және Акционерлердің Жалпы жиналысының алдында есеп беріп тұрады. Басқарманың (немесе кезектен тыс Жалпы жиналыстың) шешімімен жоспардан тыс тексерістер мен тексерулер де жүргізілуі мүмкін.

17.4. Тексеру комиссиясы Қоғамның жергілікті жерлердегі барлық мүлкін қарап шығып, тексере алады және бір жыл ішінде жүргізілген барлық жұмыстарды, сондай-ақ Қоғамның тиісті шығындарын тексере алады. Басқарма комиссияға қажетті жәрдем көрсетуге міндетті.

17.5. Алдағы жылға арналған смета мен қызмет жоспары Тексеру комиссиясының алдын ала қарауына табыс етіледі, оларды Басқарма комиссияның қорытындысымен қоса Акционерлердің Жалпы жиналысына ұсынады.

17.6. Тексеру комиссиясы қажет болған жағдайда Басқармадан

Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруды талап етуге құқылы.

Тексеру комиссиясы айтылған барлық пікірлердің және Комиссияның жекелеген мүшелерінің мәлімдеген ерекше пікірлерінің егжей-тегжейлі хаттамаларын жүргізеді. Тексеру комиссиясының хаттамаларын, баяндамалары мен қорытындыларын Басқарма өзінің түсініктемелерімен бірге Акционерлердің таяудағы Жалпы жиналысының қарауына енгізуге тиіс.

17.7. Тексеру комиссиясының мүшелері Қоғам Басқармасының мәжілістеріне кеңесші дауыс құқығымен қатысуға құқылы.

18-бап

Тарату комиссиясы

18.1. Тарату комиссиясы Қоғамды тарату басталған сәттен бастап оның қызметі тоқтатылған кезеңге дейін Басқарманы ауыстырады.

18.2. Тарату комиссиясының құқықтық ережесі Басқарманың құқықтық ережесіне ұқсас.

18.3. Тарату комиссиясының құзыры Басқарманың құзырынан аздау. Ол тек Қоғамның ағымдағы істерін аяқтау үшін қажетті мәміле жасасуға құқылы.

18.4. Тарату комиссиясына Жарғының Басқарма үшін белгіленген нормалары қолданылады.

19-бап

Қоғамның меншігін құқықтық қорғау

19.1. Қоғамның меншігін және оған тиесілі құқықтарды құқықтық қорғау Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

20-бап

Дауларды шешу

20.1. Қоғам істері бойынша Акционерлер арасындағы, Басқарма мүшелері арасындағы және Қоғамның басқа да сайланбалы адамдар арасындағы даулардың бәрін, егер дауласушы екі жақ бұған келіссе, Акционерлердің Жалпы жиналысы шешеді, не соттың ұйғарымымен шешіледі. Қоғамның заңды ұйымдармен және жеке адамдармен дауларды төрелік тәртібімен, ал заңда көзделген болса сотта немесе басқа органдарда қаралады.

21-бап

Қоғам қызметінің аяқталуы

21.1. Қоғамның қызметі мынадай жағдайда тоқтатылады:

- Қоғам қызметін тоқтату немесе оны қайта құру туралы Жалпы

жиналыстың қаулысы бойынша;

- егер Қоғам соттың немесе төреліктің ұйғаруымен жарамсыз деп

жарияланса, яғни мойнына алған міндеттемелер бойынша жауап бере алмайтын болса;

- Қоғамның қызметі Жарғыда көрсетілген мақсаттарға сай келмесе немесе мемлекеттің мүдделеріне зиян келтірсе, соттың немесе төреліктің ұйғарымы бойынша.

21.2. Қоғамның тоқтатылуы оның құрылуы сияқты тәртіппен тіркеліп, жарияланады.

21.3. Қоғамның қызметі оның қайта құрылуы немесе таратылуы нысанымен тоқтатылады.

21.4. Қоғам Акционерлердің Жалпы жиналысы белгілеген негізде, акционерлік қоғамның Жарғысына өзгерістер немесе толықтырулар енгізу тәртібі туралы ережелерді сақтай отырып қайта құрылады (немесе ол басқа қоғамдармен қосылады).

21.5. Қоғамның қайта құрылуы кезінде оның құқықтары мен міндеттемелері құқық мирасқорларына көшеді.

21.6. Заңды ұйымдар болып табылатын Қоғам филиалдарының қызметі Қоғамның өзінің таратылуы сияқты тәртіппен тоқтатылады.

22-бап

Қоғамның таратылу тәртібі

22.1. Қоғамның таратылу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарымен және Қоғамның Жарғысымен айқындалады.

22.2. Акционерлердің Жалпы жиналысы тарату балансын құрайтын және оны Жалпы жиналыстың бекітуіне ұсынатын Тарату комиссиясын тағайындайды.

22.3. Басқарманың таратуды бастағаны, ал оны Тарату комиссиясының аяқтағаны туралы Қоғамның тіркелген жеріне хабарланады, сөйтіп Акционерлерге және барлық мүдделі адамдарға хабарлау үшін тиісті хабарлама

жарияланады.

22.4. Қоғам таратылған кезде осы Жарғы күшін жояды.

22.5. Қоғамның таратылған кезде мүліктің ескіріп, моральдық тозуы

ескеріле отырып бағаланады.

22.6. Несиегерлердің талаптарын қанағаттандырғаннан және Қоғамның мүлкін өткізгеннен кейін қалған ақшалай қаражат Қоғамның Акционерлеріне Қоғам шығарған, оларға тиесілі акциялардың көрсетілген құнына үйлесімді түрде төленеді.

22.7. Қоғам өзінің таратылуы тіркелген күннен бастап заңды ұйым құқығынан айрылады және өзінің өмір сүруін тоқтатты деп есептеледі.

23-бап

Қорытынды ережелер

23.1. Егер осы Жарғының ережелерінің бірі жарамсыз болса, онда бұл қалған ережелерді қозғамайды. Жарамсыз ережелер құқықтық жағынан рұқсат етілетін, мәні жөнінен жақын ережемен ауыстырылады.

23.2. Жарғыға Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзгерістер мен толықтырулар Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен енгізілуі мүмкін.

24-бап

Күшіне енгізілуі

24.1. Осы Жарғы Қоғам тіркелген сәттен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 14 шілдедегі
N 606 қаулысына
N 6 ҚОСЫМША

Мемлекеттік акционерлік компанияның,

қоғамның Президентімен (бірінші басшысымен)

Контрактінің үлгі нысаны

1. Меншік иесі _____ тапсыруы

бойынша _____ төраға

_____ (аты-жөні)

арқылы мемлекеттік акционерлік Қоғамның (компанияның) және

_____ азамат

_____ (аты-жөні)

_____ мына төмендегілер жайында осы контрактіні жасасты:

_____ азамат

_____ (аты-жөні)

_____ мемлекеттік акционерлік Қоғамның (компанияның) президенті (бірінші басшысы) қызметіне 199 _____ жылғы _____

" _____ " жұлдызынан 199 _____ жылғы _____ " _____ " жұлдызына дейінгі мерзімде тағайындалады.

2. Азамат _____

Республикасының заңдарына сәйкес және _____

Қоғамның басшысы ретінде басшылық жасайды, мынадай функциялар атқарады:

- басқарманың жұмысын және Қоғамның (компанияның) қызметін ұйымдастырады;
- Бақылау кеңесі шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

- Қоғамдар (компаниялар) мен кәсіпорындарды - акционерлерді дамытудың ағымдағы және перспективалы бағдарламаларын әзірлеу мен орындау жұмысын ұйымдастырады;

- контракт шарттарымен Басқарманың атқарушы аппаратының қызметкерлерін жалдайды және босатады;

- атқарушы Басқарманың функциялық бөлімдерінің басшыларын қызметке тағайындау мен Басқарма аппаратының лауазымды оқладтарының сметасын бекіту үшін оларды Бақылау кеңесіне ұсынады;

- банктерде, валюталық банктерді қосқанда, есепшоттар ашады, Бақылау кеңесі берген құқықтар мен өкілеттіктер шеңберінде Қоғам (компания) атынан мәмілелер жасайды, сенімхат береді, төлем тапсырмаларына қол қояды;

- Қоғам (компания) атынан жеке адамдар мен заңды ұйымдарға шағымдар айтады, талаптар қояды;

- Қоғамның (компанияның) қаражатына заңдарда және Жарғы ережелеріне белгіленген шекте өкімдік етеді;

Жарғыға сәйкес Қоғам (компания) атынан сенімхатсыз іс-қимыл жасайды.

3. Қоғам (компания) президенті өзінің лауазымдық өкілеттігін Компания (қоғам) мүддесі үшін жүзеге асыруға міндетті.

4. Қоғам (компания) президенті өзінің лауазымды міндеттерін атқарған кезеңде:

- Компанияны дамыту мен оның пайдасын ұлғайтуға бағытталған қызметтен басқа өзге мақсатқа Қоғамның (компанияның) мүмкіндігін пайдалануға немесе пайдалану мүмкіндігіне жол беруге;

- Қоғаммен (компаниямен) немесе оның еншілес қоғамдарымен

бәсекеге түсетін кәсіпорындар құруға немесе оларға қатысуға құқы жоқ.

5. Қоғам (компания) президенті осы контрактінің 3 және 4-тармақтарын орындамау немесе үстірт орындаудың салдарынан келтірілген зиян үшін, Қоғам (компания) айрылып қалған пайданың

құнын қосқанда, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен Қоғам (компания) алдында материалдық және қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

6. Азамат _____ ай сайын _____ мөлшерінде лауазымдық оклад белгіленеді.

7. Осы контрактіде баяндалған міндеттемелер орындалған жағдайда азамат _____ қосымша:

ай сайын _____ сом мөлшеріндегі үстеме ақы;
осы контракті бойынша міндеттерін жоғары сапалы атқарғаны үшін тоқсан сайын _____ сом мөлшеріндегі сыйлық;
жыл ішіндегі жұмыс нәтижелері бойынша _____ мөлшеріндегі сыйақы және _____ қызметкерлердің тиісті санаттары үшін заңдарда көзделген басқа да төлемдер белгіленеді.

8. Азамат _____ заңдарда және Қоғам (компания) Жарғысында белгіленген тәртіппен Қоғамның (компанияның) акцияларын номинал құны бойынша сатып алуға құқылы.

9. Азамат _____ жыл сайынғы демалыс және _____ күнтізбелік күнге ақы төленетін қосымша демалыс белгіленеді. Жыл сайынғы демалыста өтемге қоса _____ (1,2) лауазымдық оклады мөлшерінде материалдық көмек төленеді.

10. Азамат _____ қызметкерлердің тиісті санаттары үшін заңдарда көзделген жеңілдіктер берілетін мемлекеттік әлеуметтік сақтандырудың барлық түріне жатады.

11. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру туралы заңдарда көзделген жәрдемақылармен қатар азамат _____ зейнет демалысына шыққан кезде _____ процент мөлшерінде бір мезгілде сыйақы төленеді немесе айлық лауазымдық окладының _____ мөлшерінде ай сайын қосымша ақы төленеді.

12. Осы контракті қолданылатын кезеңде басшы қайтыс болған жағдайда оның отбасына _____ мөлшерінде жәрдемақы, сондай-ақ қолданылып жүрген заңдарда көзделген басқа да төлемдер төленеді.

13. Контракті қолданылып жүрген заңдарда көзделген негіздерде бұзылуы мүмкін.

14. Контрактіні мерзімінен бұрын бұзудың негізі көрсетіліп,
контрактіге жазылады:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____

15. Басшыға байланысты емес жағдайлар бойынша контракті

мерзімінен бұрын бұзылғанда оған есеп айрысудағы тиесіліден басқа кемінде үш лауазымдық оклад мөлшерінде өтем төленеді.

16. Контракті қолданылып жүрген заңдарда көзделмеген негіздер бойынша бұзылған жағдайда еңбек кітапшасына жұмыстан ЕтЗК 31-бабының 1-тармағы бойынша (екі жақтың келісімі) босатылғаны туралы жазылады.

17. Контрактіге қатысушы жақтардың даулары қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен шешіледі.

18. Осы контрактінің шарттары тек тараптардың келісімімен өзгертілуі мүмкін, ол туралы хаттама толтырылып, контрактіге қосымша (толықтыру) беріледі.

19. Ерекше шарттар 1. _____
2. _____
 3. _____

Егер контрактіде өзгеше көзделмесе, контракт оған қол қойылған сәтінен бастап күшінен енеді және _____ дейін қолданылады.

Контрактіге басшының өзі тапсырған жеке құжаттарының хаттауы қоса беріледі.

Тараптардың мекен-жайы:

Азамат _____
(аты-жөні)

Меншік иесі атынан

Қолтаңбалар: _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК